



СЕНБІ №97 (4782)
29.08.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ҚИМЫЛ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Бүгін әлем қауымдастығы Қазақстанның бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекіткен Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күнін атап өтіп жатыр.

Осыдан 35 жыл бұрын халықаралық ахуал күрделі болғанына карамастан, Семей ядролық полигоны жабылды. Ондаған жыл бойы жасалған жарылыстар азаматтарымыздың денсаулығына және қоршаған ортаға орасан зор зардабын тигізіп, халқымызға орны толмас қасірет әкелді. Бұл ядролық сынақтардың салдары күллі адамзат баласы үшін аса ауыр болғанын ұғындыратын, сондай-ақ әлем жұртшылығын мұндай алапат апатқа жол бермеуге шақыратын айрықша маңызды күн саналады.

Қазақстан дүние жүзінде қуаты жағынан төртінші орындағы ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартты. Еліміз бейбітшілік, қауіпсіздік және тұрақты даму жолын тандап, тарихи шешім қабылдады. Соның арқасында халқымыздың ұзақ жылдар бойы аңсаған арман-тілегі орындалды. Бұл қадам мемлекетіміздің өскелең ұрпақ алдындағы терең жауапкершілігін паш еткені сөзсіз.

Жаңа Конституция преамбуласында еліміздің бейбітшілікке ұмтылып, барлық мемлекетпен достық қарым-қатынас орнататыны айқын жазылды. Осы ұстаным сыртқы саясатымыздың мызғымас қағидаты болып қала береді. Халықаралық антиядролық қозғалыс көшбасшыларының бірі ретінде еліміздің ұстанымы өзгермейді: біз ядролық державалар арасында кикілжің емес, келіссөздер болуын қолдаймыз, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың күшіне енуін тездетуге және ядролық қаруды қолдануға қатысты қауіп-қатерлерді жою үшін бірлесіп батыл қадамдар жасауға шақырамыз.

Біз атом энергиясын жасампаз мақсатта ғана пайдаланған жөн деп санаймыз. Халқымыз жалпыұлттық референдумда ядролық энергетиканы дамытудың стратегиялық бағыт-бағдарын бірауыздан қолдап, Қазақстанның ондаған жылдарды қамтитын экономикалық және ғылыми-техникалық өрлеуінің берік негізін қалады.

Осы стратегиялық тандау ауқымды өзгерістерге жол ашып, мемлекетіміздің тұрақты өсіп-өркендеуіне айрықша серпін беретіні анық. Қазіргі таңда барлық салада жасалып жатқан түбегейлі реформалардың мақсаты — бір. Біз Әділетті, Озық және Таза Қазақстанды құрып жатырмыз.

Бәріміз бір ел болып, биік мақсатымызға жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Норвегия Королі VIII Хоконға әкесі Король V Харальдтің дүниеден өтуіне орай көңіл айту жеделхатын жолдады.

— Король V Харальд Норвегияның бірлігі мен рухын, жарқын жетістіктерін паш еткен көрнекті мемлекет қайраткері болды. Ұлы Мәртебелі ұзақ жылдар бойы абыройлы билік құрып, дана әрі адал басшы ретінде еліне қалтқысыз қызмет етті. Халқына ұдайы қамқор болып, қалың бұқараның құрметі мен ықыласына бөленді, — делінген жеделхатта.

ҰЛТ ЖЫЛНАМАСЫНЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында сөз сөйледі.

— Құрметті Құрылтай депутаттары, Үкімет мүшелері! Кадірлі қауым! Баршаңызға бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуы құтты болсын! Бүгін еліміз өзінің даму жолында аса маңызды кезеңге аяқ басты. Бұл — мемлекетіміз үшін мән-мағынасы айрықша оқиға, тарихи сәт. Біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып отырмыз.

Бүгін жалпыұлттық референдум кезінде Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы — Құрылтай ресми түрде өз жұмысына кіріседі. Бұл — мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз, — деп бастады сөзін Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық.

— Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі. Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу — ең алдымен, ерекше сәт. Бұл — үлкен бақыт деп айтсақ, қате болмас. Осы аса абыройлы атқа сай лайықты қызмет етесіздер деп сенемін!

Азаматтар елімізде жүзеге асып жатқан ауқымды өзгерістерді жаппай қолдауда. Мұны Құрылтай сайлауы айқын аңғартты. Осы науқанға азаматтарымыздың 74 пайыздан астамы қатысып, дауыс берді. Халқымыз ел тағдырына әсер ететін тарихи тандауын жасады. Жұр-

тымыз бұл іске зор жауапкершілікпен қарап, қоғамымыздың ауызбіршілігін паш етті. Осылайша, ел бірлігінің мызғымас тірегіне айналған «Әралуан пікір — біртұтас ұлт» қағидаты нақты жүзеге асты, — деді Мемлекет басшысы.

САЯСИ ЖҮЙЕ АЙҚЫНДАЛА ТҮСТІ

Президент Құрылтай сайлауына шетел азаматтарының қызығушылығы өте жоғары болғанын айтты. Қазақстанға беделді халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттен 800-ге жуық байқаушы келді.

— Бұл — ұлттық парламентаризм тарихындағы ең жоғары көрсеткіш. Сайлау ашық әрі әділ өтті, өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бүгінде азаматтарымыз саясатқа оң көзбен қарап, қоғамдық істерге белсене араласатын болды. Бұл — жақсы үрдіс. Мұны жұртшылықтың депутаттарға қоятын талабы әрдайым жоғары болады деп түсінген жөн.

Қазіргі заман құр уәденің, жалған сөз бен жалаң ұранның уақыты емес. Біздің қоғам кемелдене бастады. Ел ішінде кәсіби Парламентке деген сұраныс артқанын көріп отырмыз. Құрылтайға білікті мамандардың келуі — осының айқын дәлелі. Әрине, бәсекеңің аты — бәсеке. Біреу ұтады, біреу ұтылады. Алайда елімізде өз пікірін білдіруге, өз көзқарасын айтуға неше түрлі тетік бар. Заңымызға сай келетін түрлі мардымды пікірлер, ұсыныстар неғұрлым көп айтылса, елімізге де соғұрлым тиімді болады, нақты пайдасы тиеді.

Жалпы, бұл сайлаудың мәні де, мазмұны да өзгеше болды. Себебі өткен сайлау ең алдымен Қазақстандағы саяси алуандықтың жаңа сапалы деңгейге көтерілгенін байқатты. Партиялар өзінің әлеуетін толық көрсетті. Өз бағдарламасын

жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп, жеткізе білді. Науқанға қатысқан барлық партияның ұсыныстары жұртшылықтың назарын аударды, қоғамдық өмірге үлкен серпін берді. Көптеген байқаушылар партиялардың арасында ашық бәсеке болғанын айтты, — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы әр партияның өз бағдары, ұстанымы және идеологиясы барын жеткізді. Науқан барысында олардың қоғамдағы рөлі, саяси жүйедегі орны айқындала түсті.

— Мұны Құрылтай сайлауының негізгі жетістігі деп бағалауға болады. Осындай оң өзгерістердің арқасында Қазақстандағы саяси-қоғамдық мәдениет үнемі дамып, жетіліп отырады. Болашақта партиялардың билік жүйесіндегі ықпалы да күшейе түседі. Әр науқан сайын олардың рөлі арта бермек. Сондықтан партиялар алған бағыттарынан таймай, сайлаушылармен жұмысты жалғастыра беруі керек. Сонда ғана саяси ұйымдардың беделі күшейе түседі.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, партиялар ұсынған бағдарламалардың мазмұнына ерекше тоқталғым келеді. Бұл құжаттарда тың идеялар, тиімді ұсыныстар бар. Оның бәрі де алдағы жұмыс барысында мұқият сараланады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін ең ұтымды шешімдер Үкіметтің жұмысында ескерілуге тиіс, — деп атап өтті Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауда «Әділет» партиясы басым дауыспен жеңіске жетіп, Құрылтайда конституциялық көпшілікті құрап отырғанын тілге тиек етті.

— Сондықтан «Әділет» партиясына қойылатын талап та, артылатын үміт те, сенім де аса жоғары. Осы орайда, қоғамды ортақ мүддеге ұйыстырып, реформалардың қозғаушы күші болу өте маңызды. Бұл міндет ойдағыдай орындалады деп сенемін.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

ҚҰРЫЛТАЙ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

ҰЛТ ЖЫЛНАМАСЫНЫҢ

(Басы 1-бетте)

Жалпы, Құрылтайдың алғашқы құрамына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Депутаттар халықтың аманатына адал болып, мемлекет мүддесіне қызмет етуі керек. Бұл — анық ақиқат. Мұны ешқашан естен шығармау қажет. Қазір еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Қазақстан жаңа өрлеу кезеңіне қадам басты. Биыл еліміздің болашағы үшін мән-маңызы зор көптеген тарихи оқиғалар болды. Халқымыз аз уақыт ішінде бір ұлт болып көп жұмыс атқарды. Елімізде жалпыұлттық референдум арқылы ауқымды конституциялық реформа табысты жүзеге асырылды. Осылайша, біз нағыз Халық Конституциясын қабылдадық.

Жаңа Конституцияның өз күшіне енуін төл тарихымыздағы аса маңызды бетбұрыс деп бағалауға болады. Соның нәтижесінде өсіп-өркендеуімізге жол ашатын мықты заңды негіз қалыптасты. Қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп бере алатын мүлде жаңа саяси-құқықтық жүйенің іргетасы қаланды. Бұл жүйе мемлекет құрылымын толық жаңғыртып, билік институттарының тиімділігін арттырады, сондай-ақ азаматтарымыздың ел басқару ісіне атсалысуына нақты мүмкіндік береді, — деп жалғады сөзін Мемлекет басшысы.

Президенттің сөзінше, реформаның арқасында тарихи тамыры тереңде жатқан Құрылтай ұғымы қайта жаңғырды.

— Ата-бабамыз ел тағдыры шешілетін сындарлы сәттерде Құрылтай шақырған. Мысалы, Талас құрылтайы алып империя — Алтын орданың құрылуына себепкер болды. Ал Ордабасы құрылтайы қиын-қыстау кезеңде барша қазақты бір байрақтың астына жинады.

Бұл ұғым Ұлы даладағы парламентаризм институтының жылнамасы тереңде екенін айғақтайды. Сондықтан заң шығарушы органға Құрылтай деген атау бердік. Бұл — өткенді көксеу емес. Бұл — тарихи сабақтастықты сақтау, саяси дәстүрді заманауи басқару жүйесімен ұштастыру деген сөз. Құрылтай ұғымы халқымыздың өткенін, бірегей болмысын және жарқын болашаққа деген ұмтылысын айшықтайды.

Біз өскелең ұрпақтың игілігі үшін ынтымағы жарасқан, Заң мен тәртіп үстемдік құрған Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Күшті Қазақстанды құрып жатырмыз. Алда ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сіздер осы миссияны іске асыруға белсене атсалысып, ең алдымен, ұлттың, жалпы халықтың мүддесіне адал қызмет етесіздер деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ДӘУІРГЕ БЕЙІМДЕЛУ
ДАҢҒЫЛЫ

Мемлекет басшысы әлемдегі оқиғалар тасыған селдей жүйесіз, бейберекет сипатқа ие, алдымызда не боларын болжаудың өзі қиын екенін айтты.

— Бұл катаклизмдерден елдер мен халықтардың ешбірі тыс қалған жоқ. Мемлекеттердің, әсіресе ірі елдердің арасындағы сенімге селкеу түсті. Бұл БҰҰ мен оның институттарының қызметіне зардабын тигізуде. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі жаһандағы және аймақтардағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау миссиясын атқара алмай отыр.

Осы аласапыранда өңірлік халықаралық ұйымдар алға шығып, олардың рөлі айтарлықтай артты. Әлемдік аренада «Орта дөңгелек» деп аталатын мемлекеттер бой көрсете бастады. Қазақстан да аталған санатқа кіреді.

Сонымен қатар тұрлаусыз әлемде салыстырмалы түрде жаңа үдеріс белен алды. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарыштап дамуда. Бұл үдерістің түптің түбінде қайда апарып соғары беймәлім, тіпті қазіргі нәтижелердің өзі екіұдай пікір тудырады. Кейде мұны осы технологияны ойлап табатындар да түсіне бермейді. Мәселен, таяу келешекте ядролық қарудың орнын жасанды интеллект құралдары алмастыруы мүмкін деген болжам айтылды. Мұның бәрі әлемнің дамуы заңдылық пен



қисыннан ада екенін көрсетеді. Ал оның зардабын келешек ұрпақ тартады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл тұста әлемде жаңа тәртіп қалыптасып жатқанын тілге тиек етіп, ол кереғар сипатқа ие екенін жеткізді.

— Бір жағынан — қауіпті, зиянды, келешегі бұлыңғыр, ал екінші жағынан — ілгері, технологиялық, перспективті әрі адамзат тарихындағы елеулі бетбұрыс саналады. Мұндай жағдайда экономика, ғылым, әскери-дипломатия салаларында өзінің егемендігін нақты іспен қорғап, нығайтуға қауқарлы, ең маңыздысы, адам әлеуетін дамытатын мемлекеттер ғана жаңа дәуірге бейімделетіні баршаға түсінікті.

Дәл осы себепті мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиялық тұрғыдан маңызды. Мақтангершілік емес, әділін айтсақ, біз жүргізіп жатқан ауқымды реформалардың қарқыны алдағы уақытта үдей түспесе, бәсеңдемейді. Қарапайым тілмен айтқанда, артқа шегінер жол жоқ. Бұл — елеулі жетістік.

Қазақ елінде жүргізіліп жатқан реформалардың күн тәртібінде қазіргі, тіпті келешектегі ықтимал жаһандық сын-қатерлер мейлінше ескерілген. Бұл — аса маңызды. Басқаша айтқанда, сол сынақтарды еңсеру үшін алдын алу шаралары қабылданады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент экономикада да іргелі реформалар қолға алынғанын мәлімдеді.

— Азаматтардың әл-ауқатын арттыру басты міндет ретінде белгіленді. Индустрияландыру қарқын алып, экономиканың жаңа өндірістік негізі айқындалып келеді. Мемлекет және шетелдік инвесторлар құйған қомақты қаржының нәтижесінде барлық өңірде жаңа өндіріс нысандары мен мыңдаған жұмыс орны ашылып жатыр. Қазақстанда халық тұрмысы мен экономикалық өсім үшін аса қажетті коммуналдық, көлік, энергетика және су инфрақұрылымдарын жаңғырту үдерісі басталды.

Сіздер, депутаттар, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары кезінде ел ішін аралап, Қазақстанның бірте-бірте алып құрылыс алаңына айналып келе жатқанына куә болдыңыздар. Алайда үлкен құрылысқа қомақты инвестиция қажет. Мемлекет те бұдан тыс қалмауға тиіс. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ұзақмерзімді пайдасы бар стратегиялық маңызды жобаларды қаржыландыру, соның ішінде Ұлттық қордан қаржы бөлу жоспарланып отыр. Қаражат онды-солды, мақсатсыз жұмсалмайды. Мұндай қауесетті еш нәрседен хабарсыз, ниеті теріс адамдар таратады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұлттық қордың тиімділігі, ең алдымен, келер ұрпақтың игілігі жолындағы зор табысқа, нақты нәтижеге қол жеткізумен өлшенетінін жария етті.

— Ұлттық қордың пайдасын балаларымыз көріп отыр. Олардың есепшотына қомақты қаражат аударылып жатыр. Жақында ұстаздар алдында сөйлеген сөзімде оның мөлшерін айттым. Келешекте өскелең ұр-

паққа қызмет ететін заманауи, сапалы инфрақұрылымды дамытуымыз керек.

Басқаша айтқанда, еліміздің алдағы ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы дамуына берік негіз қаланады. Мемлекетіміздің іргесі де осы игі істердің арқасында беки түседі. Бұл мәселеге Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда кеңірек тоқталамын. Біздің қалағанымыздай жедел болмаса да, еліміз ғылымды, озық цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті дамытуға ден қойып, инновациялық өркендеу жолына бағыт алды.

Біз әлеуметтік мемлекет ретінде азаматтардың әлеуетін арттыруға әрдайым баса мән береміз. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және креативті индустрия саласын жан-жақты дамытуға айрықша назар аударамыз. Мемлекет мақсатшыл, табанды, еңбекқор адамдарға әрдайым қолайлы жағдай жасайды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жастарға еңбек пен тәртіптің қаншалықты маңызды екенін түсіндіруіміз керек. Себебі бұл — табысқа жетудің көзі.

— Азаматтарымыз жаңа дәуірде құқықтық сауатсыздық, әлеуметтік масылдық, жөнсіз сөз бен орынсыз сынның еш пайдасы жоқ екенін білуі қажет. Мұның бәрі — еліміздің өсіп-өркендеуіне бөгет болатын кедергілер. Саликалы ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ісіне айрықша мән беру керек. Мен бұл туралы Тамыз конференциясында арнайы айттым. Енді осы мәселеге Құрылтай қабырғасында қайта оралғанды жөн көріп отырмын. Ұлттың жадын күменді деректермен, бұрмаланған мәліметтермен улауға болмайды. Мұндай әрекет өткен күнге деген сенімді, келешекке деген үмітті әлсіретеді.

Біздің төл тарихымыз бен әдебиетіміз шет-шегі жоқ нәубет пен азапқа толы жылдардың жылнамасы емес. Әрине, біз өз тарихымыздағы қиын-қыстау кезеңдерді ешқашан ұмытпаймыз. Алайда халқымыздың басынан өткен қайғы-қасіретті ұлттық болмысымыздың арқауы етуге болмайды. Себебі ұлт тарихы тек жеңіліс пен сәтсіздіктерден тұрмайды, төл шежіремізде жарқын жеңістер мен жетістіктер аз болған жоқ.

Сондықтан жалпы әлем тарихына, басқа халықтардың тарихымен қатар, өз тарихымызға да үстірт және жеңіл-желпі, біржақты қарауға болмайды. Тарих өкпе-ренішпен емес, ұлт мүддесін көздеген шынайы көзқараспен жазылуға тиіс. Бұл — ең алдымен өскелең ұрпақ үшін қажет дүние. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз мұны жақсы түсінеді деп ойлаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Ел Президенті бүгінде еліміздегі қоғамдық өмірдің барлық саласы реформаланып, бірегей инновациялық стандарттар мен тәсілдер қолданылып жатқанын сөз етті.

— Мемлекеттік институттар мен экономикада ғана емес, ең маңыздысы, азаматтық сана-сезім мен ұлт менталитетіне байланып әрі ауқымды жаңғыру үрдісі жүріп жатыр. Соғыстан, дағдарыстан және қырғи-қабақ қатынастан көз ашпаған қазіргі әлемде

мұндай жүйелі қоғамдық трансформацияның өзін бірегей тәжірибе деп атауға болады. Бірде-бір аймақта мұндай үлгі етер мысал жоқ.

Қазақстан түбегейлі реформа жолына түсті, көзге айқын көрінетін өзгерістер жүріп жатқан елге айналды деп толық сеніммен айта аламыз. Осы жаңғыру жолынан жаңылмай, қол жеткізген нәтижелерді орнықтыру үшін ұлтымыздың тарихи дамуындағы негізгі аспектілерге қатысты ұстанымымыз бен көзқарасымызды өзгерткен жөн.

Қоғамымыз аңыздарға емес, шынайылыққа арқа сүйеуі керек. Ескілікті аңсамай, алға қарай ұмтылып, ғылымды дамытуға ден қоюға тиіс. Ауызымен орақ органдар емес, істің адамы бағалануы қажет. Жалғандыққа жаны қас, шындыққа жак халық болғанымыз жөн. Бұл аса маңызды қағидаттар келешек ұрпақ идеологиясының өзегіне айналуға тиіс. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан халқымыз тарихта талай сынаққа қасқайып қарсы тұрды. Енді өзінің күш-қуатын даму көкжиегін кеңейтуге жұмылдырса деген тілек бар. Жасампаздық пен еңбек қана мұратымызға жеткізеді. Баршаныз әлемдегі ахуалдың аса күрделі екенін, болжауға келмейтінін көріп-біліп отырсыздар. Өзара сенім жоғалған, тұрақсыздық белен алған мұндай алмағайып кезде Қазақстанның халықаралық беделі биік тұрғанын айрықша атап өткен жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЛТ БОЛЫП ҰЙЫСА БЛГЕН ЖӨН

Мемлекет басшысы жаһан елдері, соның ішінде әлемдік саясатта ықпалы зор мемлекеттердің өзі еліміздің пікіріне құлақ асатынын жеткізді.

— Бұл — өте маңызды. Біз ұлттық мүддемізді бәрінен биік қоя отырып, елімізге тән бейбітшілік, өзара достық пен тиімді серіктестік құндылықтарын күллі әлемге табанды түрде дәріптей береміз.

Түтіп келгенде, ұлт болып ұйыса алмасақ, азаматтарымыз ортақ іске жұмылмаса, осы жетістіктердің ешқайсысы да болмас еді. Еліміздің басты қуаты, яғни стратегиялық басымдығы — халықтың мызғымас бірлігінде және жасампаз рухында. Біз озық ел ретінде биік мақсаттарға ұмтылуымыз керек. Ұсақ-түйек, кертартпа өңгімелерге, әлеуметтік енжарлыққа ұрынбай, әрқашан алға үмітпен, сеніммен қарауымыз қажет. Біздің нақты жоспарымыз бар, бағдарымыз да — айқын. Тек өзімізге сеніп, табанды жұмыс істеуіміз керек.

Біз ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ісіне баса назар аударатын болдық, бұл жұмыс өз жалғасын табады. Бұл — ең алдымен, төл шежіремізді тұтас тану және оны жұрт жадында жаңғырту деген сөз. Тарих — ұлттың темірқазығы, халқымыздың баға жетпес қазынасы. Оны жалған намыс пен даңғаза мақтан үшін бұрмалау жақсылық әкелмейді. Жігерімізді жасытып, кешегі күнге өкпе арта берсек, өскелең ұрпаққа қандай тәрбие береміз?! Біздің төл тарихымыз — қазіргі және келешек ұрпақтар мақтан тұтарлық бірегей жылнама. Себебі қазақ халқы — сан түрлі сынақтан, небір нәубеттен аман өтіп, қайсарлығын да, қаһармандығын да паш еткен халық. Санасы сергек, ойы азат ұлт өткен күннен сабақ алады, өткен тарихын биікке көтереді және әрдайым алға ұмтылады, — деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев қазір еліміз жаңа тарихи өрлеу кезеңіне қадам басып жатқан кезде бұл ұстаным айрықша маңызды екенін баса айтты.

— Біз жасампаз ұлт ретінде ақиқат пен аңыздың, шындық пен өтіріктің ара жігін ажыратып, жағымсыз кеселдерден біржола арылуымыз керек. Кезінде Ұлы Абай айтқан «бес дұшпаннан», әсіресе өнбейтін дау-дамайдан, бос сөз бен құр мақтанудан аулақ болғанымыз жөн. Ең алдымен, білім мен ғылымға жүгініп, нақты іспен айналысуымыз қажет. Онсыз әлем өркениетіне ілесе алмай, көш соңында қалып қоюымыз мүмкін. Бірақ біз бұған жол бермейміз.

Төл тарихымызды тар жол, тайғақ кешсе де, алған бетінен қайтпаған, еңсесін тік ұстап, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет еткен

ҚҰРЫЛТАЙ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

ЖАҢА ПАРАҒЫ

тұлғалар жазды. Олар ұлтымыздың көшін алға бастады. Елімізді көркейтеміз десек, осындай ұлт перзенттерінің өмірін, ұстанымдарын үлгі-өнеге етуіміз керек. «Ондай болмақ қайда» деп, қол қусырып отыру — қаһарман жұртымызға тән қасиет емес. Рухы биік, жігері мықты адамдар өз отбасы мен кастерлі Отаны алдындағы жауапкершілікті терең сезінеді, ел игілігі үшін адал еңбек етеді. Өмірде табысты, қоғамда сыйлы болады. Шынайы отаншылдық дегеніміз де — осы, — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Бұдан соң Президент Құрылтай жұмысының басталуы мемлекеттік басқару жүйесіндегі іргелі институционалдық өзгерістерге жол ашатынын мәлімдеді.

— Себебі Құрылтай билік жүйесін қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, Конституциялық сот судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері Құрылтайдың келісімімен тағайындалады. Депутаттар Президенттің ұсынуы бойынша Жоғарғы сот судьяларын сайлайды және қызметінен босата алады. Құрылтайға Конституциялық сот пен Жоғарғы сот судьяларын, сондай-ақ депутаттарды құқықтық иммунитеттен айыру құзыреті берілген. Құрылтай Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджет туралы есептерін бекітеді, Конституциялық соттың жыл сайынғы жолдауын тыңдайды. Бұдан бөлек, депутаттар Үкіметке сенімсіздік білдіруге, Президентке Үкіметтің же-

лып, жан-жақты талқылануы қажет, — деді Ел Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, заң шығару қызметінің сапасын арттыру және жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу үшін жасанды интеллектіні кеңінен қолдануға болады.

— Әрине, озық технологиялар кәсіби құқықтық сараптаманы алмастыра алмайды. Алайда технологияны сауатты пайдалану арқылы талдау жұмысының тиімділігін арттыруға болады. Депутаттар осы мүмкіндікті ұтымды қолдануы керек. Қазір менің бастамамен «Е-Parliament» ақпараттық жүйесі әзірленіп жатыр. Бұл жүйе түйткілдерді заң арқылы алдын ала реттеуге мүмкіндік береді. Басты мақсат — цифрлық қызметтерді бір жерге тоғыстыру. Құзырлы органдар депутаттармен бірлесіп, осы платформаны Құрылтай қызметіне тезірек бейімдеуі қажет.

Еліміз үшін аса маңызды заң жобаларын сарапшылармен бірге жан-жақты талқылау керек. Бұл істе қағазбастылық пен салғырттыққа жол беруге болмайды. Құрылтай қоғамдағы өзекті мәселелерге дер кезінде үн қататын жалпыұлттық диалог алаңына айналуы қажет. Депутаттардың қызметі заңдылық, ашықтық, өзара сыйластық, пікір алуандығы қағидаттарына негізделуге тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, үшінші міндет — депутаттар бірінші сессияда бірқатар маңызды заңдарды қабылдауы қажет.



келеген мүшелерін қызметтен босату туралы ұсыныс білдіруге құқылы.

Бір сөзбен, Құрылтайға атқарушы және сот билігін қалыптастыруға, ел тағдырын айқындайтын стратегиялық маңызы бар мәселелерді шешуге қатысты аса ауқымды құзырет берілді. Біз, осылайша, заң шығарушы органның ықпалын едәуір күшейттік. Бұл — билік тармақтары арасындағы өзара теңгерім жүйесі нығая түседі деген сөз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының сөзінше, мемлекеттік және қоғамдық институттарды жүйелі түрде жаңғырту жұмысы жыл соңына дейін жалғасатын болады.

— Енді мен Құрылтайдың алдында тұрған бірқатар маңызды міндеттерге тоқталып өтейін. Бірінші. Жаңа Конституция нормаларын ескере отырып, еліміздің заңнамасына түзетулер енгізу қажет. Жаңа конституциялық жүйеге өту барысында бұрынғы Парламент негізгі билік институттарының қызметін қамтамасыз ететін бірқатар маңызды заңдарды қабылдады. Енді Құрылтай әр салаға қатысты заңнаманы мұқият саралап, олардың Конституция қағидаттарына сай болуын қарауы керек.

Екінші. Құрылтай заң шығару үдерісінің тұрақтылығы мен сапасын қамтамасыз етуі керек. Бұған дейін Сенат пен Мәжіліс қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін, құқықтық тұрғыдан дұрыстығын, нормалардың өзара үйлесімділігін тексеріп отырды. Бұл жұмысты жандандыру қажет. Заң шығару — аса жауапты жұмыс. Заңдарымыз әділетті, халыққа түсінікті әрі озық, яғни заман талабына сай болуы керек. Себебі заң мемлекеттегі әр азаматтың тағдырына, өміріне әсер етеді. Сондықтан заңның әр нормасы, әр тармағы тыңғылықты кара-

балаларға көрсетілетін атаулы қолдаудың тиімді жүйесін құруымыз керек. Олардың толыққанды білім алуына жағдай жасау қажет. Әсіресе медициналық және әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру керек. Осындай балаларға арналған орталықтарды әр облыстың және үлкен аудандардың қалаларында салу қажет. Демеушілер де осы маңызды іс-шараға қатысады деп сенемін. Мемлекет шын мұқтаж жандарға әрдайым қолдау көрсетуі керек. Бұл — мен үшін тұрақты ұстаным.

Жалпы, біз өскелең ұрпақтың қолайлы және ең бастысы, қауіпсіз ортада өмір сүруі үшін барынша жағдай жасауымыз керек. Осы орайда, Үкімет 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіге тіркелуіне заң арқылы тыйым салуды ұсынып отыр. Бұл мәселеге таяуда өткен Тамыз конференциясында арнайы тоқталып өттім. Мұндай шара әлемнің көптеген елінде қабылданып жатыр. Мен мұны қолдаймын. Осы жұмысқа баса назар аудару қажет деп санаймын. Бірақ тиісті заңды қабылдасак, оны толығымен жүзеге асыру мәселесін ойлауымыз керек, себебі қауқарсыз заң ешкімге қажет емес, — деп атап өтті Президент.

Бұған қоса, Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика саласының технологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, баламалы энергия көздерін дамытуға мүмкіндік беретін заң жобаларын да тездетіп қарастыру маңызды екенін айтты. Сондай-ақ онлайн-платформалар мен масс-медиа мәселесіне қатысты заңдарға айрықша назар аудару керек. Ақпарат кеңістігінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қосымша шаралар қабылдау қажет.

ҚОҒАМҒА ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысының сөзінше, түптеп келгенде, Құрылтай еліміздің заңнамаларын заман талабына сай жаңғыртуы керек.

— Ұлттық мүддені, жұртшылықты толғандыратын мәселелерді және қазіргі әлемдік үрдістерді ескере отырып, бұл жұмысты жедел әрі сапалы атқарған жөн. Біз қазір қоғамда жаңа құндылықтарды орнықтырып жатырмыз. Бұл — күрделі, асқан ұқыптылықты талап ететін өте қажетті жұмыс. Жаңа этиканы қалыптастыру ісі ел алдындағы азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрысына, мінез-құлқына байланысты екені сөзсіз. Қоғамдық орындарда келенсіз, жөнсіз әрекеттерге жол бермеу қажет. Депутаттар заң қабылдаумен қатар, жаңа қоғамдық этиканы дәріптеуге үлес қосуға тиіс. Бұл да — ұлттық мүддеге тікелей қатысы бар маңызды мәселе.

Жалпы, жұртымыз елдегі реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын, ең алдымен, сіздердің қызметтеріңізге қарап бағалайды. Бұрынғы Парламентпен салыстырғанда, Құрылтайдың құрамында әйелдер мен жастардың үлесі едәуір өсті. Ауқымды өзгерістер мемлекеттік басқару ісіне, әсіресе жаңа буынның, яғни жігерлі, отаншыл, еңбеккер жастардың келуіне себепші болды. Әкімдер құрамында, мемлекеттік мекемелерде, бизнесте жас буын өкілдері алдыңғы қатарға шыға бастады. Бұл — біз жүргізген реформалардың аса маңызды нәтижесі. Ашығын айтсақ, институционалдық өзгерістердің түпкі мақсаты да — биліктің барлық тармағындағы кадрларды жаңарту, яғни саясатқа жаңашыл, жасампаз адамдарды әкелу. Қазіргі заманда жаттанды шешім, ескірген көзқарас, жалаң популизм ешкімге керек емес, — деп өрбітті сөзін Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлының сөзінше, елімізге жауапкершіліктен қашпайтын, батыл, белсенді, білімді басшылар, нақты өзгеріс жасай білетін азаматтар қажет.

— Келер ұрпақ кейбір кемшілігімізге түсіністікпен қарайтын да шығар. Себебі жұмыс қателіксіз болмайды. Бірақ біз реформаларды аяғына дейін жеткізбей, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы тарихи мүмкіндікті мүлт жіберсек, олар бізді ешқашан кешірмейді.

Қазіргідей көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан заманда бейқам, жасық әрі жауапсыз болсақ, тығырыққа тап боламыз.

Еліміздің ертені әрбір депутаттың ынтығықласына, қажыр-қайратына және отаншылдығына байланысты екені сөзсіз. Сіздер — түрлі қызметте табысқа жетіп, мол тәжірибе жинаған білікті мамансыздар. Өздеріңізді жауапты, жұртқа жанашыр, бастамашыл азамат ретінде танытып келесіздер. Енді осы тәжірибені ел игілігіне жаратып, Қазақстанды дамыту үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Құрылтайдың бірінші шақырылымы ел дамуының жаңа белесі екеніне назар аударды.

— Халық сіздерге зор сенім артып отыр. Енді сол сенімді ақтап, қоғамға пайдасы тиетін шаруамен айналысу қажет. Әрбір шешім елдің тағдырына, мемлекеттің болашағына тікелей ықпал етеді. Сондықтан әр қадам байыппен жасалуға тиіс. Жеке бастың мүддесі емес, елдің мүддесі басты орында тұруы керек.

Құрылтай мемлекет пен халықтың арасында дәнекер болып, ұлтымызды ортақ іске ұйыстыруы қажет. Қазақстан парламентаризмін дамытуға елеулі еңбек сіңірген заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Ең басты игілік — бірлік» деген тамаша сөзі бар. Шын мәнінде, біздеріңіздің ынтымағымыздың арқасында мемлекеттігіміздің тұғырын нығайтып, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Береке бірлік бар жерге ғана тұрақтайды. Ауызбіршілігімізді сақтай білсек, әлі талай белесті бағындырамыз. Барлық мақсат-мұратымызға жетеміз. Мен бұған көміл сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының жаңа Конституцияға сәйкес билік институттарын жасақтау жұмысын бастау үшін бірқатар рәсімді өткізуі керек екенін баяндады.

— Ең алдымен, Құрылтайдың басшылық құрамын сайлап, құрылымын қалыптастыру қажет. Өздеріңізге мәлім, Конституцияның 57-бабына сәйкес, Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Президент ұсынады.

Мен жауапкершілігі зор бұл лауазымға Айбек Аркабайұлы Дәдебайдың кандидатурасын ұсынамын. Сіздер бұл тұлғаны жақсы білесіздер. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде көп жыл қызмет етті. Тәжірибесі мол деп айтуға болады. Өзінің білімді, отаншыл, адал азамат екенін нақты істерімен дәлелдеді. Сондықтан оны осы лауазымға лайық деп санаймын. Құрылтай депутаттарынан Айбек Аркабайұлы Дәдебайдың кандидатурасын қолдауды сұраймын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Ата заңға сәйкес, Үкімет жаңадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттігін тоқтатады.

— Сондықтан Құрылтайдың құрылымы жасақталған соң мен өздеріңізге Вице-Президенттің және Премьер-Министрдің кандидатуралары бойынша ұсыныс енгіземін. Содан кейін сіздермен ақылдасып, Үкімет мүшелерін тағайындаймын. Сонымен қатар жаңа лауазымды — Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының орынбасарын тағайындаймын. Құрылтай мен Үкімет құрамы толық айқындалған соң жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауымды жариялаймын. Жолдауда көтерілген барлық бастаманы атқарушы және заң шығарушы билік өкілдері бірлесіп, уақытылы әрі сапалы жүзеге асыруға тиіс. Лауазымды тұлғалардың бәрі, әсіресе қызметіне енді кірісетін азаматтар алдымызда тұрған ортақ мақсат-міндеттерді білуі керек.

Қыркүйектің екінші жартысында Халық Кеңесі жасақталады. Бұл — Қазақстан тарихындағы тұңғыш жоғары консультативтік орган. Еліміздің этникалық, аймақтық, әлеуметтік, қоғамдық-саяси ерекшеліктерін бір арнаға тоғыстыратын жаңа құрылым заңнамалық бастама көтеру құқығына ие болады. Шын мәнінде, бұл — бірегей орган. Осылайша, қысқа уақыттың ішінде биліктің барлық негізгі институттары жаңғырып, алдағы реформаларға тың серпін береді.

Нағыз отаншыл азамат үшін өз халқына адал қызмет етуден асқан бақыт жоқ. Ұлт мүддесі бәрінен биік тұруға тиіс. Әділетті, Күшті Қазақстанды құру — баршамызға ортақ міндет. Ел аманатына адал болу — парыз. Сіздер осы жолда табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Құрылтай жұмысына табыс тілеймін! Кастерлі Отанымыз өсіп-өркендей берсін! Қазақстан Республикасы жасасын! — деп қорытындылады сөзін Мемлекет басшысы.

М.ТӨЛЕУ

САЯСАТ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

I шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының отырысында депутаттар Құрылтай Төрағасы мен оның орынбасарларын сайлап, тұрақты комитеттердің санын, атауларын және олардың төрағаларын айқындады.

Құрылтай құрамына бес саяси партия — «Әділет», «Ауыл», Respublica, «Ақ жол» және ЖСДП партияларынан 145 депутат енді.

Отырыс депутаттардың Қазақстан халқына ант беруінен басталды.

«Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 11-бабына сәйкес Мемлекет басшысы Құрылтай Төрағасы лауазымына кандидатура ұсынды. Тікелей жасырын дауыс беру арқылы депутаттардың көпшілік дауысымен Құрылтай Төрағасы болып Айбек Дәдебай сайланды.

Құрылтайдың сайланған Спикері Мемлекет басшысына көрсеткен жоғары сенімі үшін және қолдау білдіргені үшін барлық депутаттарға алғыс айтты.

— Президентіміз бүгін алдағы жұмыс бағытымызды және нақты міндеттерді айқындап берді. Елімізде жүзеге асып жатқан реформалар ауқымы бізден байыпты шешімдер мен кәсіпқойлықты және қажырлы еңбекті талап ете-

ді. Бұл ретте әр заң мен шешімнің артында нақты мақсат тұр. Ол — еліміздің одан әрі дамуын қамтамасыз ету, мемлекеттілігімізді нығайту және азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыру. Бұл жұмыстың негізінде бүкілхалықтық қолдауға ие болған жаңа Конституцияның құндылықтары мен қағидаттары жатуға тиіс. Біздің басты міндетіміз — оң өзгерістердің нәтижесі халықтың күнделікті өмірінен көрініс табатын, Заң мен Тәртіп қоғамның мызғымас негізіне айналған Әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлескен жұмысты жалғастыру, — деді Айбек Дәдебай.

Сондай-ақ ол халықтың сенімі депутаттық корпусының жұмысындағы басты бағдар және нәтижелерді бағалаудың негізгі өлшемі болуға тиіс екенін атап өтті. Бұл ретте Құрылтай елімізді одан әрі жаңғыртуға тың серпін беретін, конструктивті қоғамдық диалогқа жол ашатын және заманауи сын-қатерлерге лайықты жауап ұсынуға мүмкіндік беретін алаңға айналады.



Отырыс барысында Құрылтай Төрағасының орынбасарлары да анықталды — Нұрлан Бекназаров, Дания Еспаева және Динара Зәкеева. Олардың кандидатурасы да дауыс беру кезінде қолдау тапты.

Құрылтайда сегіз тұрақты комитет құрылды. «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 36-бабына сәйкес комитеттердің бірінің төрағасы Құрылтайдағы оппозиция атынан ұсынылған

депутаттардың арасынан сайланды.

Осылайша: Серік Егізбаев — Аграрлық мәселелер, экология және табиғи ресурстар комитетінің (Құрылтайдағы оппозиция атынан ұсынылған депутаттардың арасынан);

Үнзила Шапақ — Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің;

Марат Қожаев — Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің;

Әмірбек Оспанбеков — Өңірлік және инфрақұрылымдық даму комитетінің;

Асхат Аймағамбетов — Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің;

Ольга Перепечина — Қаржы және бюджет комитетінің;

Дархан Ахмедиев — Цифрландыру, инновациялар және ғылым комитетінің;

Наталья Годунова — Экономикалық саясат, өнеркәсіп және энергетика комитетінің төрағасы болып сайланды.

ЖАҢА САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ БАСТАУЫ

Айбек ДӘДЕБАЙ,
Құрылтай Төрағасы

Кеше еліміз үшін тарихи оқиға болды. Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Құрылтайының алғашқы сессиясын ашып берді.

Бұл — Қазақстан парламентаризмі мен мемлекеттің жаңа Конституцияда көрініс тапқан мызғымас қағидаттарға негізделген саяси жүйесінің дамуындағы жаңа кезеңнің басы.

Шын мәнінде, Негізгі заңда бекітілген қағидаттарды заңнамада, мемлекеттік шешімдерде және саяси мәдениетте жүзеге асыру ісі басталды. Ең маңыздысы, аталған өзгерістер қоғамның кең қолдауына ие.

Саяси партиялар сайлау алдында өңірлерді аралап, ауыл-қала тұрғындарымен жүздесіп, конституциялық құндылықтар мен Президент реформаларының стратегиялық бағыты халық арасында шынайы қолдау тауып жатқанына тікелей көз жеткізді. Ол қолдау — өзгерістерді жалғастыруға, елді дамыта түсуге деген қоғам сұранысының айқын көрінісі. Мұны Құрылтай сайлауының нәтижесі де, кейінгі әлеуметтік зерттеулер де қуаттай түседі. Мәселен, азаматтардың 80 пайыздан астамы елімізді дұрыс бағытта дамып келеді деп санайды. Әсіресе 18 бен 29 аралығындағы жастар арасында ол көрсеткіш тіпті жоғары — 85,4 пайыз.

Олай болуы заңды да, өйткені Президентіміз жастарға, олардың білім алуына, дамуына, ел өміріне атсалысуына ұдайы көңіл бөліп келеді.

Мемлекет басшысының қазақстандық жас буын өкілдерімен үнемі



жүздесіп отыратынын еске алсақ та, жеткілікті. Бұл ретте ел өміріндегі аса маңызды оқиғадан соң, яғни жаңа Конституция қабылдау жөніндегі референдумнан кейін өткен кездесудің мәні айрықша.

Президент Қазақстан жастарының ой-пікірін тыңдап қана қоймай, болып жатқан өзгерістердің мәнін, мемлекет болашағы үшін маңызын жас буынның жете түсінуіне ден қояды.

Өйткені ел дамуының стратегиялық бағыттарына жастардың саналы түрде атсалысуы — қоғамдық-саяси өзгерістердің маңызды бөлігі.

Көптеген табысты державалардың даму тарихы жастарды қолдайтын, оларға жағдай жасап, дамуына инвестиция салып отыратын мемлекеттің өз болашағына да берік іргетас қалайтынын көрсетеді.

Өз сөзінде Президент өскелең ұрпақ өкілдеріне тағы да арнайы назар аударды. Мемлекет пен заң шығарушылар алдына балалар үшін заңнама деңгейінде жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру, сон-

дай-ақ білім алуы мен дамуына тең мүмкіндіктер жасау жөнінде міндет қойылды. Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді және инклюзив орта қалыптастыру ісіне баса назар аударылды.

Тағы бір маңызды мәселе — азаматтардың ақпараттық кеңістікте қорғалуы. Бүгінде интернет пен әлеуметтік платформалар өміріміздің ажырағысыз бөлшегіне айналғаны рас. Қоғам өміріндегі мәселелердің елеулі бөлігі де сонда көтеріліп және талқыланып, әлемдегі, еліміздегі жайттарға деген көптің көзқарасы да сол жерде қалыптасатын болды.

Цифрлық ортаның рөлі алда тек арта түсері анық. Сондықтан ақпараттық кеңістіктің ашықтығын сақтай отырып, азаматтарды жалған ақпарат пен манипуляциядан қорғаудың тиімді тетіктерін қатар қалыптастыру маңызды. Басқаша айтқанда, ақпаратқа еркін қол жеткізу мен оны тарату жауапкершілігі арасында ақылға қонымды тепе-теңдік болуы қажет. Дәл сол үйлесім онлайн-платформалар

мен масс-медиа туралы заңнамада көрініс таба беруге тиіс.

Ел Президенті өз сөзінде мемлекеттің стратегиялық басымдығының біріне — ауқымды цифрландыру мәселесіне де тоқталды.

Қазақстан Цифрлық кодекс және Жасанды интеллект туралы заң қабылдап, елеулі қадам жасап үлгерді. Ендігі міндет — жүйелі трансформация. Ол — жасанды интеллектің орта білім беру жүйесіне енгізу, цифрлық активтер индустриясын дамыту, Digital Kazakhstan стратегиясын іске асыру деген сөз.

Жаңа Құрылтайда цифрландыру мәселесіне арнайы мән берілуі өте орынды. Осы орайда цифрлық трансформацияны заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ететін Цифрландыру, инновациялар және ғылым жөніндегі салалық комитет құрылды.

Президент айқындап берген тағы бір стратегиялық міндет — энергетикалық қауіпсіздік осы бағыттағы өзгерістермен тікелей байланысты. Еліміздің электр энергиясына деген сұранысы экономикамен, жаңа өндіріс орындарының ашылуымен, инфрақұрылымның дамуымен және цифрландырумен бірге өсе түспек. Сондықтан қазірдің өзінде Қазақстанға ертеңгі сұранысты өтей алатын энергетикалық жүйе қалыптастыру қажет.

Бұл ретте энергетика саласын әртарапандырудың, соның ішінде атом мен баламалы энергетиканы қатар дамытудың маңызы зор. Осы орайда АЭС салу жөніндегі бүкілхалықтық шешім маңызды қадам болды.

Сонымен бірге энергиялық орнықтылық кешенді тәсілді қажет

етеді. Елімізге түрлі қуат көзі, заманауи технологиялар мен мығым инфрақұрылым қажет. Құрылтайдың міндеті — Қазақстан экономикасы мен технологиясының одан әрі дамуын қамтамасыз ете алатын болашақтың энергетикасына заңнамалық негіз қалау.

Жалпы, Мемлекет басшысы айқындап берген кешенді міндеттерді тұтас алып қарасақ, мәселе жекелеген заңдар қабылдаудан әлдеқайда ауқымды екені анық аңғарылады.

Бүгінде біздің көз алдымызда Прогрессивті, Әділетті, ең алдымен адамның мүддесін көздейтін мемлекет қалыптасып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Құрылтай жұмысының басталуы — еліміздің институционалдық дамуында ғана емес, жаңа саяси мәдениет қалыптастыруында да маңызды кезең.

Бұдан бірнеше күн бұрын ғана партиялар сайлаушылар дауысы үшін бәсекеге түскен еді. Енді оның орнына толыққанды парламенттік жұмыс басталды. Ондағы саяси көзқарастар айырмашылығы қоғамды бөлетін емес, тиімді шешімдерді бірлесе табуға мүмкіндік беретін мазмұнды пікірталасқа негіз болуы керек. Партиялардың көзқарасы мен ұстанымы әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ баршаға ортақ бағдар — азаматтардың мүддесі, олардың әл-ауқатын арттыру және ел дамуы жолындағы стратегиялық міндеттерді іске асыру.

Құрылтайдың жауапкершілігі мен миссиясы да сонда — саяси әралуандықты жалпыұлттық мақсаттар жолында біріктіріп, жаңа Қазақстан мен оның азаматтарының жаңа қоғамдық санасын қалыптастыратын негізгі институттың біріне айналу.

САБАҚТАСТЫҚТЫ АЙШЫҚТАҒАН ІРГЕЛІ ҚАДАМ



Қазақтың ұлан-ғайыр сахарасында демократия ұғымы бүгін ғана пайда болған жоқ, оның тамыры тереңде. Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» — сол дала демократиясының құқықтық негіздерін қалыптастырған тарихи белестер еді. Көшпелі өркениеттің құқықтық дәстүрі елдің бірлігі мен жердің тұтастығын, ар мен намысты, адам мен қоғам арасындағы жауапкершілікті реттеген дала заңдарымен бекіді. Қазақ

қоғамында ел тағдыры елмен ақылдасып сараланды. Билердің сөзі тыңдалды. Даулы мәселе бітіммен шешілді. Көптің пікірі ескерілді. Сондықтан қазақ үшін «Құрылтай» деген сөздің қадірі де, қасиеті де бөлек.

Бүгін біз осы тарихи ұғымның жаңа дәуірдегі мазмұнына куә болып отырмыз. Жаңа Конституция еліміздің саяси жүйесіне жаңа кезеңнің негізін қалап берді. Еліміздегі жоғары заң шығарушы өкілетті органның Құрылтай деп аталуы ұлттық мемлекеттілік дәстүрі мен қазіргі заманғы саяси институттардың сабақтастығын айшықтаған іргелі қадам болды.

Елдің жаңа саяси бағдарын түзген жаңа Конституция тек құқықтық нормалардың жиынтығынан тұрмайды. Ата заң азамат пен мемлекеттің өзара жауапкершілігін жаңа деңгейге көтеретін қоғамдық келісімнің жаңа мазмұнын бекітті. Құрылтай сол келісімнің саяси мінбері міндетін атқарады. Сондықтан

бүгінгі Құрылтайдың алдында тұрған міндет те айқын. Ол — халықтың сенімін ақтау, қоғамның мәселесін білу, заң шығару деңгейін көтеру. Ең бастысы, қабылданған шешімдердің халықтың күнделікті өмірінен көрінуін қамтамасыз ету.

Осы тарихи кезеңде «Әділет» партиясының да орны ерекше екенін атап өтуіміз қажет. «Әділет» — қалыптасқан саяси жүйеге жаңа көзқарас алып келген жаңа буын партиясы. Жаңа буын партиясы дегеніміз жаңа есімдер ғана емес. Партия тізімімен депутат атанғандардың қатарында Ұлттық Құрылтайдың бұрынғы 13 мүшесі, бұрынғы Парламентте депутаттық тәжірибесі бар 24 адам бар. Сонымен қатар 10 адам Президенттік жастар кадр резервінің, төртеуі Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің, бесеуі Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі. Тағы 26 адам бұрын

мәслихат депутаты болған. Еңбек ету саласына қарай 3 эколог, 2 волонтерлік қозғалыс өкілі және IT саласының 4 маманы енген. Мұның барлығы жаңа Парламенттің мықты кадрлық құраммен жарактанғанын көрсетеді.

Кешегі сайлау алдындағы бір ай ішінде біз Түркістан облысының барлық 17 аудан, қаласын араладық. Әр ауданның ерекшеліктерін көзімізбен көрдік, қағазға түртіп алған мәселелер де жетерлік. Ауылдарға бардық, диқандармен, кәсіпкерлермен сөйлестік, мұғалімдермен кездестік, дәрігерлердің мәселесін тыңдадық, жастардың талабын естідік. Спортшылармен, өндіріс өкілдерімен, әлеуметтік сала мамандарымен, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен, қарапайым тұрғындармен жүздестік. Сол кездесулердің барлығында бір нәрсе анық байқалды. Халықтың талабы аса көп емес. Халық әділетті қоғамды қалайды, еңбегінің әділ бағалануын сұрайды. Заң-

ның бәріне бірдей болғанын, мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істегенін талап етеді.

Сайлауда жеңіске жету «Әділет» партиясы үшін соңғы меже емес. Еліміз бойынша 9 351 539 азамат сайлауда дауыс берген болса, соның 1 109 975-і Түркістан облысынан екен. Облыс сайлаушыларының 92 пайыздан аса сайлаушысы қатысып, оның 887 905-і немесе 79,99 пайызы «Әділет» партиясын қолдады.

Сайлау науқанының аяқталуы біздің жұмысымыздың соңы емес. Керісінше, жаңа саяси бетбұрыстар халық алдында есеп беретін жаңа кезеңнің басталуын білдіреді. Ендігі міндет — айтылған уәдені орындау, көтерілген мәселелерді назардан тыс қалдырмау және сенімді нақты іспен ақтау.

Қалыма ЖАНТӨРЕЕВА,
«Әділет» партиясы

Түркістан облыстық филиалы
төрағасының орынбасары

ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРГАННЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ АРТА ТҮСПЕК

Құрылтай құрамына қарап, оның кәсіби деңгейде жасақталғанын байқауға болады. Бұл жерге әр саланың өз мамандары жинақталған деп есептеймін. Бізде мемлекеттік деңгейде дамытуға тиіс салалар өте көп. Оның ішінде экономика, әлеуметтік бағыт, тау-кен өндірісі, өнеркәсіп, бизнес, ауыл шаруашылығын атауға болады. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, мәселесі, даму бағыты бар. Сондықтан сол салаларға қатысты қандай да бір заң немесе заңнамалық акт қабылданған кезде оның нақты өмірде қалай жұмыс істейтінін түсінетін, сол саланың ішкі жағдайын білетін мамандардың пікірі ескерілуі керек. Қағаз жүзінде жақсы көрінетін заңның өндірісте, бизнесте немесе ауыл шаруашылығында қалай іске асатынын сол саланың ішінде жүрген адам ғана нақты айта алады. Осы тұрғыдан алғанда, Құрылтай құрамындағы тәжірибелі мамандардың болуы өте маңызды.

Мен қазіргі Құрылтайдың құрамын кәсіби деп бағалаймын. Мұнда әр саланың кемінде екі-үш маманы бар. Олар сол жерде бір-екі жыл ғана жұмыс істеп жүрген адамдар емес. Көбі — өз саласының қыр-сырын жақсы білетін, ұзақ жылдар бойы тәжірибе жинаған, белгілі бір бағыттың бірнеше саласында еңбек еткен мамандар. Олар тек саланың мәселесін ғана емес, заңнамалық актілердің қалай жасалатынын, оған қандай талаптар қойылатынын да түсінеді. Сондықтан мұндай адамдардың пікірін заң шығару процесінде пайдалану ел үшін өте пайдалы болмақ.

Кез келген істің, кез келген реформаның немесе мемлекеттік бастаманың негізінде заңнамалық база тұруы керек.



Заң болмаса, сол бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жүргізу қиын. Қандай да бір жақсы идеяның өзі нақты заңмен бекітілмесе, оның жүзеге асу мүмкіндігі шектеулі болады. Сондықтан елдің дамуына қажетті ережелерді қалыптастыратын заңдардың сапасы өте маңызды. Бұл жерде Парламенттің бірпалаталы жүйеге көшуіне байланысты жауапкершілік мәселесін де ескеру қажет. Бұған дейін екі палаталы Парламент болған кезде заң жобасы Мәжілістен кейін Сенатта қаралып, қосымша талқылаудан және сүзгіден өтетін. Егер бір жерде кемшілік кетсе, екінші палатада оған қайта назар аударуға мүмкіндік болатын. Ал бірпалаталы Парламент жағдайында мұндай мүмкіндік болмайды. Сондықтан заң шығарушы органның жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түседі. Заң жобаларын қарау кезінде кәсіби сараптамаға, салалық мамандардың тәжірибесіне және нақты ұсыныстарына сүйенудің маңызы осында.

Құрылтай осы тұрғыдан алғанда өте маңызды институт бола алады. Жалпы, елдегі кез келген өзгерістің артында нақты заң, нақты ереже және сол ережені жүзеге асыратын механизм тұруға тиіс. Заң шығарушы орган қажетті құқықтық базаны қалыптастырады, Үкімет оны іске асырады, ал сот жүйесі құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді. Осы институттардың барлығы өз міндетін сапалы атқарып, бір-бірімен үйлесімді жұмыс істеген кезде ғана, мемлекеттің тұрақты дамуына қажетті жағдай жасалады.

Айбар ОЛЖАЕВ,
экономист, сарапшы

ШЫНДЫҚ ПЕН ӘДІЛДІК НЕГІЗГЕ АЙНАЛУҒА ТИІС

Құрылтайдың жаңа құрамын сәтті жасақталған деп бағалаймын. Депутаттар қатарында жастар мен әйелдердің болуы, гендерлік теңгерімнің сақталуы — дұрыс шешім. Әрине барлық партияның өкілі бірдей сайланған жоқ. Дегенмен іріктелген кандидаттардың арасында тәжірибесі мен қоғамдық беделі қалыптасқан азаматтар аз емес.

«Әділет» партиясының құрылымы да жүйелі қалыптасқан. Айбек Дәдебайдың Құрылтай Төрағасы болып сайлануын заңды шешім деп қабылдаймын. Сайлауда жеңіске жеткен саяси партия жетекшісінің Құрылтайға төрағалық етуі — қисынды қадам. Ендігі негізгі мәселе — жаңа құрамның өз әлеуетін нақты іспен көрсетуі. Құрылтай депутаттарының арасында бұған дейін қоғамдық мәселелерді көтеріп, олардың шешілуіне ықпал еткен беделді тұлғалар бар. Соның ішінде Алматы өңірі мен Талдықорғаннан сайланған өкілдердің де қоғамдық тәжірибесі мол. Олар — популизмге бой алдырмай, өзекті мәселелерді іс жүзінде шешуге атсалысып жүрген адамдар. Сондықтан мұндай азаматтардың Құрылтай депутаттығына сайлануын орынды деп есептеймін.

Құрылтай жұмысының басты қағидаларының бірі шыншылдық болуға тиіс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті қоғамға — шыншыл сөз» кітабын талқылау барысында да осы мәселеге назар аудардық. Мемінше, «шыншыл сөз» ұғымы халқы-



мыздың тарихы мен дәстүрінде ежелден бар. Мәселен, айтыс өнерінің негізгі өзегінің бірі — шындықты ашық айту. Шешендер мен билер де қоғамда әділет салтанат құруы үшін шыншыл сөз айтып, елдік мәселелерді көтерген. Бүгінде мұны заманауи қара сөздің бір көрінісі деп қабылдауға болады. Сондықтан

Құрылтай мінберінде де депутаттар қоғамдағы ең өзекті мәселелерді ашық көтеріп, өз пікірін еркін білдіре алуы қажет. Шындық пен әділдік Құрылтай жұмысының негізгі ұстанымына айналса, оның қоғам алдындағы абыройы да арта түспек. Депутаттардың қызметі ең алдымен ел мүддесіне және қоғам алдындағы жауапкершілікке негізделуге тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе — Құрылтай депутаттарының өңірлермен тікелей жұмыс істеуі. Бұған дейін де Алматыдан сайланған депутаттардың өңірмен тығыз байланыста жұмыс істегенін көрдік. Енді жаңа құрамдағы өкілдер де Алматы өңірінің мәселелерін Құрылтай деңгейінде көтеріп, тұрғындарды толғандырған түйткілдерді ортаға салады деп ойлаймын. Түптеп келгенде, Құрылтай жұмысының кәсіби деңгейі жоғары болады деген үміт бар. Оның нақты тиімділігі алдағы уақытта комитеттердің қызметі мен қабылданатын шешімдерден көрінеді.

Бекнұр ҚИСЫҚОВ,
Еуразиялық франчайзинг
қауымдастығының президенті,
жазушы, қоғам белсендісі

МӘСЕЛЕ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Қазақстанда кейінгі күндері жүргізушілерді жанармай сапасы тым алаңдатып кетті. Әсіресе АИ-95 және АИ-98 маркаларына қатысты шағымдар әлеуметтік желілерде көбейіп, бірқатар көлік иесі жанармай құйғаннан кейін қозғалтқышында ақау пайда болғанын жазып жатыр. Кейбірінің көлігінде жүргізушілер арасында Check Engine белгісі жанса, енді бірінің айтуынша, қозғалтқыштың жұмысы өзгеріп, көлігін жөндеу орталығына апаруға тура келген.



А Ербол ТҰРЫМБЕТ

Алайда мәселенің нақты себебі әзірге анықталған жоқ. Ақауға жанармайдың өзі себеп болды ма, әлде оның сапасы зауыттан шыққаннан кейін жолай өзгерді ме? Мәселе мұнай өңдеу зауытында ма, жанармай базасында ма, әлде автожанармай құю бекетінде ме? Қазір Энергетика министрлігі бастаған мемлекеттік органдар осы сұрақтардың жауабын іздеп әлек.

Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, қазір олардың карауында автокөлік иелерінен түскен 12 өтініш бар. Оның тоғызы — Астана тұрғындарынан, біреуі — Павлодардан, тағы екеуі — Солтүстік Қазақстан облысынан. Осы шағымдардан кейін министрлік жанармай сапасын тексеруді күшейтіп, зерттеуді өнімнің бүкіл қозғалыс тізбегі бойынша жүргізуге кірісті.

Қазір тәуелсіз зертханаға Павлодар мұнай-химия зауытынан алынған бензиннің арбитраждық сынағалары жіберілді. Сонымен қатар құрамында қоспалары бар Sinoil, QazaqOil және Helios желілерінің жанармай үлгілері де жеке зерттеліп жатыр. Бұл зерттеулердің нәтижесі бір апта ішінде белгілі болып қалуы мүмкін.

Мамандар 17 автожанармай құю стансасынан бақылау мақсатында бензин сатып алған. Оның бесеуі — Алматы қаласында, бесеуі — Алматы облысында, алтауы — Абай облысында, біреуі Жамбыл облысында орналасқан. Қазір алынған сол барлық үлгі зертханалық сынақтан өтіп жатыр. Бұдан бөлек, тексеріс мұнай өңдеу зауыты мен ЖҚБ-лармен шектелмейді. Мамандар жанармайдың қозғалыс жолындағы басқа да буындардан, соның ішінде мұнай базаларынан сынама алуды жоспарлап отыр.

Бұл — өте маңызды қадам. Өйткені бензин зауыттан шыққан кезде талапқа толық сәйкес келуі мүмкін. Бірақ одан кейін ол сақталады, тасымалданады, мұнай базасына түседі, қайта тиеледі және соңында автокөліктің бағына құйылады. Осы аралықтағы кез келген кезеңде сапаға әсер ететін фактор пайда болуы ықтимал.

Сондықтан қазір басты міндет — біреуді кінәлау емес, мәселенің нақты қай жерде туындағанын анықтау. Егер зертханалық талдау нәтижесінде бензиннің техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтіні анықталса, оны сатуға тыйым салынуы мүмкін. Ал сапасыз жанар-жағармай материалдары айналымнан алынады.

МӘСЕЛЕ МҰНЫМЕН БІТКЕН ЖОҚ

Энергетика министрі Ерлан Ақкенжонов 25 тамызда мамандардың Павлодар мұнай-химия зауытына барғанын хабарлаған болатын. Сол кезде мәселенің нақты қайдан шыққаны анықталмаған еді.

Жанармай құю желілері түйткілдің төркінін мұнай өңдеу зауытынан көрсе, зауыт өкілдері мәселе сол бекеттер жағында пайда болуы мүмкін деген болжамын айтып қалды. Екі тараптың да өз уәжі бар.

Кейін Павлодар мұнай-химия зауыты өзінің арбитраждық сынағаларына жүргізген зерттеу нәтижесін жариялады. Кәсіпорын мәліметінше, тексерілген бензин партиялары мемлекеттік стандарт пен техникалық регламент талаптарына сәйкес келген.

Бірақ бұл қорытынды мәселенің барлық сұрағына жауап беріп тұрған жоқ. Себебі зауыттағы өнімнің сапасы бір бөлек, оның тұтынушыға жеткен кездегі сапасы бір бөлек. Сондықтан Сауда және интеграция министрлігінің жанармайды бүкіл тізбек бойынша тексеруі — қазіргі даудың ең маңызды бөлігі.

Бұл мәселенің тағы бір Белеулі қыры бар. Қазақстан жанармай нарығында тек өз ішкі сұранысын қамтамасыз ететін ел емес. Отандық мұнай өңдеу зауыттарынан шыққан өнімнің белгілі бір бөлігі Ресей нарығына да бағытталады.

Қазақстанның Павлодар және Атырау мұнай өңдеу зауыттарында өндірілген бензинді шекаралас өңірлердегі ресейлік көлік жүргізушілері де пайдаланады. Демек, егер жанармай сапасына қатысты қандай да бір жүйелі проблема бар екені зерттеу барысында расталса, оның салдары Қазақстанмен ғана шектелмеуі мүмкін. Басқаша айтқанда, Қазақстанда өндірілген бензин тек біздің ішкі нарықтағы өнім емес. Оның сапасына қатысты кез келген мәселе көрші елдегі

тұтынушыларға да әсер етуі ықтимал. Сондықтан қазір Қазақстандағы жанармай төңірегіндегі жағдайға сыртқы нарық та назар аударып жатса таңғалудың қажеті жоқ.

Жанармайдың Ресей нарығына шығуы өте өзекті болып тұрғанына тағы бір себеп бар. Биыл Қазақстанның Павлодар мен Атырау мұнай өңдеу зауыттары Ресейге шілде айына белгіленген АИ-92 бензинінің 35 мың тонна көлеміндегі экспорттық квотасын орындамағаны туралы ақпа-

Ресейдің алып нарығына айтарлықтай ықпал ететіндей көлемде емес.

Мұнай саласының сарапшысы Олжас Байділдин жанармай төңірегіндегі пікірталаста эмоциядан гөрі нақты дерекке сүйену қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, АЗС-тегі тауар сапасына тікелей жауапты орган Энергетика министрлігі емес. Жанармай және басқа да тауарлардың сапасына қатысты шағымдарды техникалық реттеу және метрология саласындағы комитет пен оның аумақтық бөлімшелері, яғни Сауда және интеграция министрлігінің жүйесі қарайды.

Бұл түсінікті болғанымен, қоғамдағы пікірталаста

диагностикалау қажет. Байділдин те осыған назар аударып, ең алдымен верификацияланған цифрлар қажет екенін айтады.

БАҒА АЙЫРМАСЫ ДА КҮМӘН ТУҒЫЗАДЫ

Сарапшы қазіргі жағдайға байланысты тағы бір нұсқаны назардан тыс қалдырмау керектігін айтады. АИ-92 мен АИ-95 бағасының арасындағы айырмашылық 25-30 пайызға жетсе, арзан бензинге қоспа қосып, оны жоғары октанды жанармай ретінде сатушылар да пайда болуы мүмкін. Алайда мұны дәл қазіргі жанармай дауының себебі деп қабылдауға әлі ерте. Зерттеу аяқталғанша Павлодар мұнай-химия зауытын да, қандай да бір жанармай желісін де кінәлау негізсіз.

Жанармайдың сапасына күмән туған кезде автокөлікке артық салмақ түсірмеген жөн. Күрт үдеу, қозғалтқышты жоғары айналымға шығару, ұзақ уақыт жоғары жылдамдықпен жүру сияқты әрекеттерден уақытша бас тартқан дұрыс. Сарапшы күмәнді жағдайда көлікті 80-100 шақырым/сағ-тан жоғары жүргізбеуге, шамадан тыс жүктеме түсірмеуге кеңес береді.

Ал турбокомпрессорлы көлік иелері үшін сақтық одан да маңызды. Мұндай жағдайда автокөлік өндірушісі ұсынған октан санын ұстану қажет. Сарапшының пікірінше, күмәнді жағдайда турбокомпрессорлы көлікке АИ-92 құйғаннан гөрі АИ-98 таңдаған дұрыс.

Бүгінгі бензин дауы бір ғана жанармай партиясының сапасы туралы мәселе емес. Ол Қазақстандағы жанармай сапасын бақылау жүйесінің тиімділігін, мемлекеттік органдардың коммуникациясын және тұтынушы құқығын қорғау тетіктерін де сынға салып отыр. Ең бастысы, кінәліні тез табу емес, шын себепті дәл анықтау.

Зауыттағы сынама талапқа сай болуы мүмкін. Бірақ одан кейінгі тасымалдау, сақтау және сату кезеңдерінің әрқайсысы зерттелмейінше, мәселенің түп-төркінін табу қиын. Оған қоса, Қазақстанда өндірілген бензиннің бір бөлігі Ресей нарығына да шығатынын ескерсек, бұл мәселенің шекара сыртындағы тұтынушыларға да қатысы болуы мүмкін. Сондықтан жанармай сапасына қатысты зерттеудің нәтижесі тек қазақстандық жүргізушілер үшін емес, көрші елдегі автокөлік иелері үшін де маңызды.

Қазір қоғамға қауесет емес, нақты дерек керек. Қанша шағым түсті? Қанша көлік тексерілді? Қай жерден алынған сынама талапқа сай болмады? Қай кезеңде жанармай сапасы өзгерді? Осы сұрақтардың жауабы анықталса, қазіргі ақпараттық даудың да беті қайтады.

Жанармай — күнделікті өмірдің көзге көрінбейтін күретаымыры. Оның сапасы нашарласа, мәселе бір көліктің қозғалтқышымен шектелмейді. Сондықтан бұл жолы даулы мәселенің түйінін болжам емес, зертхана шешуге тиіс. Ал зертхананың қорытындысы қоғамға жасырмай айтылуы керек.

ЖҰМБАҒЫ



Қазақстанда шамамен 5 мың ЖҚБ бар, бірақ олардың барлығындағы жанармай сапасын күн сайын онлайн режимде бақылап отыратын бірыңғай жүйе жоқ. Демек, тұтынушы жанармайды құйып алған сәттен бастап оның сапасын автоматты түрде бақылап отыратын мүмкіндікке ие емес.

министрліктердің жауапкершілігі жиі араласып кетіп жатыр.

Сарапшы тағы бір маңызды мәселені көтерді. Қазақстанда шамамен 5 мың ЖҚБ бар, бірақ олардың барлығындағы жанармай сапасын күн сайын онлайн режимде бақылап отыратын бірыңғай жүйе жоқ. Демек, тұтынушы жанармайды құйып алған сәттен бастап оның сапасын автоматты түрде бақылап отыратын мүмкіндікке ие емес. Мәселе туындаған жағдайда сынама алынып, зертханаға жіберіледі. Нәтиже шыққаннан кейін ғана нақты қорытынды жасалады.

Әлеуметтік желідегі жазбаларға қарасақ, мәселе ауқымды сияқты көрінеді. Кейбір автосервистерде көлік көбейгені туралы ақпарат таралды. Бірақ мұның бәрі ресми статистика емес. Қазір нақты қанша автокөлік зардап шеккені, олардың қаншасында ақаудың себебі жанармай болғаны белгісіз. Сондықтан «мындаған көлік істен шықты» деген секілді тұжырымдарды нақты дәлелсіз таратуға болмайды.

Бір жүргізушінің көлігінде Check Engine белгісінің жануы міндетті түрде бензин сапасыз дегенді білдірмейді. Қозғалтқыштағы мұндай ескертуге ондаған басқа себеп әсер етуі мүмкін. Сондықтан әрбір жағдайды жеке

ратарады. Мұндайда Еуропалық одақтың қайтара санкцияларына ілігу қаупі бар әрі ресейлік банктер арқылы төлем жүргізу қиын.

Бұл міндеттемені ішінара орындаған жалғыз кәсіпорын — Ақсай қаласындағы шағын «Конденсат» зауыты. Ол 17,5 мың тонна жіберетін мүмкіндігі бола тұра, оның орнына Ресейге шамамен 9 мың тонна бензин жөнелткен.

Reuters мәліметінше, шілде-тамыз айларында Қазақстан Ресейге гуманитарлық көмек ретінде 50 мың тонна бензин жіберуге келіскен. Дегенмен Қазақстанның жалпы өндірістік әлеуеті

ЗЕРДЕ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Ұлжан Сейтмұрат – Boeing компаниясында әуе кемелері мен әскери қорғаныс жаттығуларына арналған жабдықтардың конфигурациясы мен деректерін басқару инженері. Қазақстанда бастаған кәсіби жолын халықаралық авиация индустриясында жеті жылдан бері жалғастырып келе жатқан Ұлжан үшін инженерия – біліммен қатар, сан түрлі дағды тоғысқан күрделі сала.

– Әлемдегі ең ірі авиация компанияларының бірінде инженер болып жұмыс істеу, оның ішінде ұшу аппараттары мен әскери қорғаныс жаттығуларына арналған жабдықтар конфигурациясын басқару абсолютті дәлдік пен жоғары жауапкершілікті талап ететіні анық. Бұл бағыттағы инженерлік міндеттердің азаматтық авиация жобаларынан қандай айырмашылығы бар?

– Boeing компаниясында жұмыс барысында бізге бағыт беретін бес негізгі құндылық бар. Олар – қауіпсіздік пен сапа, сенім, адамдарға көңіл бөлу, жауапкершілік және инновация. Менің тәжірибемде осы құндылықтардың біреуіне болса да жеткілікті көңіл бөлеу жұмыстың нәтижесіне әсер етуі мүмкін.

Қорғаныс саласындағы жобалардың азаматтық авиация жобаларынан айырмашылығы – олардың басымдықтары мен талаптарында. Азаматтық авиацияда ең алдымен жолаушылардың қауіпсіздігі, сенімділік, сертификаттау, тиімділік және коммерциялық авиация талаптарын сақтау маңызды болса, қорғаныс саласында міндеттер әлдеқайда күрделі әрі жиі өзгеріп отырады. Мұнда арнайы жабдықтармен жұмыс істеу, әртүрлі жүйенің өзара үйлесімін қамтамасыз ету және нақты операциялық жағдайларға немесе оқу жаттығуларға сәйкес келетін конфигурацияларды дайындау сияқты талаптар бар.

– Әскери жаттығуларға арналған жабдықтар нақты ұрыс жағдайын емес, соған барынша жақын сценарийлерді модельдеуге көмектеседі. Мұндай жүйелерді әзірлеу мен конфигурациясын басқаруда қандай талаптар ерекше маңызды?

– Оқу-жаттығу жүйелері нақты жағдайларды қауіпсіз түрде имитациялауы керек. Сондықтан олардың конфигурациясы модельдейтін жабдықтың және нақты жұмыс жағдайларының сипаттамасын барынша дәл көрсетуге тиіс. Конфигурация мен деректерді басқару тұрғысынан алғанда, жүйеге енгізілетін кез келген өзгерісті қатаң бақылауда ұстау өте маңызды. Әрбір өзгеріс міндетті түрде құжатталып, сынақтан өткізіліп, дұрыстығы тексеріліп, тиісті түрде бекітілуі керек. Сонда инженерлер мен операторлар жүйеде нақты қай конфигурация қолданылып тұрғанын әрдайым біледі.

Сонымен қатар жүйелер өзгерістерге бейімделе алатындай болуы қажет, өйткені оқу-жаттығу сценарийлері мен миссия талаптары уақыт өте өзгеруі мүмкін. Ал қандай да бір өзгеріс енгізу қажет болған жағдайда, инженерлер кол-



BOEING-ке жеткізген БАЛА

арман

данылып отырған нұсқадан бастап зауытта орнатылған бастапқы параметрлерге дейінгі барлық деректің өзгеру тарихын қадағалай алуға тиіс.

– Boeing-тегі жұмыс сіздің инженерлік көзқарасыңызды қалай өзгертті? Бұл ортаға келгеннен кейін мамандығыңызға немесе өз мүмкіндігіңізге бұрынғыдан басқаша қарай бастаған тұстарыңыз болды ма?

– Алғашқы кезде ақпараттың көлемі мен жүйенің күрделілігі маған оңай болған жоқ. Ең маңызды құжаттар мен талаптарды толық түсініп, олардың бір-бірімен қалай байланысты екенін меңгеруге шамамен жарты жылдай уақыт кетті. Бір байқағаным, компанияға жаңадан келген қызметкер ретінде сізде ерекше мүмкіндік болады: бір жағынан, бұрыннан қалыптасқан шешімдердің артықшылықтарын көресіз, екінші жағынан, олардың әлсіз тұстарын да тез байқайсыз. Себебі сіз өзіңізбен бірге басқа тәжірибе мен жана көзқарас алып келесіз. Бұл кейде бұрыннан қалыптасқан процестерге жаңаша қарап, оларды жақсарту жолдарын көруге көмектеседі.

Өзімді жұмыста еркін сезініп, осы ортада өз орнымды тапқанымды түсінген сәтін бірі – бірнеше мәселені байқап, оларды жай ғана көрсетіп қана қоймай, нақты іске асыру жоспарына негізделген практикалық шешімдер ұсына алған кезім. Алайда Boeing компаниясында тіпті салыстырмалы түрде шағын өзгерістің өзін енгізу үшін нақты әрі қатаң тәртіпке негізделген процесс бар. Мысалы, қандай да бір өзгеріс енгізу қажет болса, алдымен Change Request, яғни өзгеріс енгізу туралы өтінім жасалып, ол бірнеше тараптың қарауы мен мақұлдауынан өтуі керек. Бұл процесс арнайы кездесулер арқылы да, компанияда белгіленген жүйелер арқылы да жүзеге асырылады. Осы кезеңдердің барлығы аяқталғаннан кейін

Сондықтан Boeing компаниясындағы жұмыс тәжірибем инженер болу тек мықты техникалық білімге ие болу деген сөз емес екенін түсіндірді. Инженер үшін сол білімді командамен жұмыс барысында дұрыс қолдана білу, күрделі процестерден жол табу, өз идеянды нақты әрі түсінікті жеткізу және оны іс жүзінде пайдалы нәтижеге айналдыру да маңызды.

– Boeing-тегі корпоративтік мәдениеттен сізге ең қызық немесе Қазақстандағы жұмыс тәжірибеңізден мүлде өзгеше көрінген қандай нәрсе болды?

– Boeing-тің корпоративтік мәдениетіндегі маған ерекше ұнаған тұстардың бірі – қауіпсіздікке, белгіленген процестерге және ашықтыққа үлкен мән берілетіні. Бізге жұмыста қандай да бір мәселе туындауы мүмкін деп ойласақ, оны ашық айтуға үнемі мүмкіндік беріледі. Тіпті бұл жобаның мерзімін ұзартып немесе басшылық қабылдаған шешімге қатысты сұрақ туындатуы мүмкін болса да, өз жұмысына деген кәсіби жауапкершіліктің бір бөлігі ретінде қабылданады. Бұл жағынан алғанда, менің Қазақстандағы жұмыс тәжірибемнен белгілі бір айырмашылықты байқадым. Қазақстанда кейбір ұйымдарда иерархиялық басқару тәсілі басым. Мұндай ортада қызметкерлер басшылықтың шешіміне күмән келтіруге немесе мәселені ашық көтеруге кейде сақтықпен қарайды.

– Алдыңғы сұрақтың жалғасы болсын. Батыс қоғамында өмір сүру сіздің жалпы дүниетанымыңызды қалай өзгертті: бұрынғы қай ұста-



Қазақстанда алған білімім маған аэродинамика, әуе кемелерінің жүйелері, математика және техникалық коммуникация сияқты негізгі пәндер бойынша жақсы теориялық база қалыптастырды.

ғана өзгерісті іске асыруға қажетті бюджет пен ресурстар бөлінеді. Кейде бұл процесс ұзақ уақыт алуы мүмкін. Бірақ уақыт өте келе оның не үшін қажет екенін түсіндім. Авиация сияқты күрделі салада сырт көзге болмашы болып көрінетін өзгерістің өзі техникалық жағдайға, жұмыс процесіне, қаржыға немесе ең бастысы, қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін. Сондықтан мұндай шешімдерді жан-жақты қарастырып, тиісті тексерулерден өткізу – жұмыстың маңызды бөлігі.

нымдарыңыздан бас тарттыңыз және бойыңызға қандай жаңа құндылықтар сіңді?

– Батыс қоғамында өмір сүру менің дүниетанымыма сөзсіз әсер етті. Мен үшін ең маңызды өзгерістің бірі – кез келген дүниеге қатысты сыни ойлауға дағдыландым. Қандай да бір мәселені шешудің немесе белгілі бір нәтижеге жету-дің міндетті түрде бір ғана дұрыс жолы бар деген түсініктен де арылдым. Сонымен қатар жеке еркіндік пен жеке жауапкершіліктің мәнін тереңірек түсіндім. Адамның өз тандауын еркін жасау құқығын құрметтей отырып, сол тандаудың салдарына жауап беру де маңызды деп есептеймін. Сондай-ақ өз шекаранды белгілей білу және басқа адамдардың жеке шекарасын құрметтеу қажет екенін ұғындым. Әртүрлі мәдениет өкілдері бірге өмір сүретін орта теңдік, төзімділік және өзара құрмет сияқты құндылықтарға деген көзқарасымды да күшейтті. Әсіресе тәжірибесі, өмір салты немесе көзқарасы менікінен мүлде өзгеше адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы әр адамның өзіндік ерекшелігін құрметтеудің маңызын түсіндім.

– STEM саласында әйелдердің аздығын олардың тандауы деп қабылдауға бола ма, әлде оларға әсер ететін әлеуметтік және мәдени факторлар бар ма? Сіз өз жолыңызда осы факторлардың ықпалын байқадыңыз ба?

– Менің ойымша, мұндай ықпалдардың көбі бала кезден басталатын сияқты. Себебі бұл кезде адам әлемді және өзінің кім екенін енді танып, түсіне бастайды. Мысалы, баланың ойыншықтары, оқитын кітаптары, теледидарда немесе әлеуметтік желіде көретін контенті оның гендерлік рөлдер туралы түсінігіне әсер етуі мүмкін.

Өз балалық шағыма қарап отырсам, алғашқы қызығушылықтарымның көбі инженерия мен авиациямен тікелей байланысты болған екен. Мен Lego конструкторларымен, ойыншық ұшақтармен көп ойнадым. Тіпті біз балалар болып қайық қылып ойнаған АН-2 ұшағының шын дөңгелектері де болған. Мұның бәрі менің қызығушылығымды арттырып, заттардың қалай жұмыс істейтінін түсінуге деген ынтамды қалыптастырды. Оқитыным да негізінен аэродинамика туралы кітаптар болатын. Бір ғана Barbie қуыршағым болды. Ойын кезінде оны үнемі «наукас» қылып, өзімді дәрігер ретінде елестететінмін. Сөйтіп, бір кездері дәрігер болуға да қызыққаным бар. Өкінішке қарай, бір күні қуыршағым сынып қалды да, мен қайтадан Lego-ға оралдым.

Алайда менің өмір жолыма ең үлкен әсер еткен адам әкем еді. Әскери және азаматтық авиация саласында жиырма жылдан астам тәжірибесі бар әкем маған жай ғана қолдау көрсетіп қойған жоқ, сонымен бірге бала кезімнен осы мамандықтың қыр-сырын және онымен бірге келетін жауапкершілікті түсінуге мүмкіндік берді.

– Қазақстандағы авиациялық білім беру мен халықаралық стандарттар арасында әлі де алшақтық бар ма? Boeing сияқты гигантқа жұмысқа кіргенде қазақстандық білімнің қай тұсы көмектесті, ал қай тұсын өз бетіңізбен оқуға тура келді?

– Меніңше, Қазақстандағы білім беру жүйесі мен халықаралық стандарттардың арасында әлі де белгілі бір айырмашылық бар. Әсіресе бұл практикалық тәжірибе мен өндірістік ортаға жақын болу жағынан байқалады.

Қазақстанда алған білімім маған аэродинамика, әуе кемелерінің жүйелері, математика және техникалық коммуникация сияқты негізгі пәндер бойынша жақсы теориялық база қалыптастырды. Boeing компаниясында жұмыс бастаған кезде осы білімнің көп көмегі тиді. Сонымен қатар кейбір дүниелерді жұмыс барысында, арнайы оқыту бағдарламалары мен өз бетімше іздену арқылы үйренуге тура келді. Мысалы, жергілікті әскери стандарттар, арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану, техникалық құжаттамамен жұмыс істеу тәртібі сияқты дағдыларды тәжірибе барысында меңгердім.

Жалпы алғанда, Қазақстанда алған білімім мен алғашқы жұмыс тәжірибем маған берік теориялық негіз қалыптастырды деп айта аламын. Ал халықаралық компанияда жұмыс істеу сол білімді іс жүзінде қолдануға және практикалық әрі кәсіби дағдыларымды одан әрі дамытуға мүмкіндік берді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

ТАМЫЗ ТАЛАБЫ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Санаулы күнде кезекті оқу жылы да басталып, балалар үшін көптен күткен мектеп қоңырауы соғылады. Бұл орайда білім ордаларының есігін айқара ашуы бір бөлек те, балалардың қауіпсіз, таза әрі талапқа сай ортада қарсы алу мүлде басқа әңгіме. Ал Ақмола облысында мектептердің дайындығын тексергендердің қолында 300 нұсқама, бес уақытша тоқтатылған асхана, аяқталмаған жөндеу және әлі басталмаған құрылыс жұмыстары бар.

А Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Бірінші қыркүйек жақындаған сайын мектеп дәліздерінде балалардың тәтті дауысы емес, балғаның тарсылы естіліп кетпесін деген ақжарма тілек бар. Өйткені мектепті оқу жылына дайындау қабырғаны сырлап, терезені жуып қою ғана емес. Бірінші кезекте жүздеген, тіпті мыңдаған баланың қауіпсіздігі толықтай қамтамасыз етілуі қажет. Асхананың санитариялық талапқа сай болуы, электр желілерінің ақаусыздығы, жылыту жүйесінің жұмыс істеуі, өрт қауіпсіздігі сияқты басқа да қажеттіліктердің бәрі сакадай сай болуға тиіс. Дегенмен Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің деректері жаға ұстатарлық.

Алдымен статистиканы сөйлетейік. Бүгінде өңірде 523 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. Оның 517-сі мемлекеттік болса, алтауы жекеменшік. Мектептерде шамамен 139 мың оқушы білім алады. Биыл облыстың 10 мектебі күрделі жөндеумен қамтылған. Оған жергілікті бюджеттен 5,6 млрд теңге қаралған. Бір қарағанда, аса ауқымды қаржы. Бірақ маусымдағы ресми мониторингте жөндеу жүріп жатқан нысандар бойынша жұмыстардың орташа орындалуы небәрі 10 пайыз болған.

Содан бері жағдайдың біркәтар мектепте ілгерілегені рас. Департаменттің кейінгі, екінші кезеңдегі мониторинг Степногорскідегі Ыбырай Алтынсарин атындағы №1 мектеп пен Аршалы ауданындағы Ижевское ауылындағы мектепте жұмыстардың жоспарға сай жоғары қарқынмен жүріп жатқанын атап көрсетеді. Көкшетау, Макинск және басқа аудандардағы мектептерде де жөндеу жалғасып келеді. Бірақ «біркәтар мектепте жұмыс жақсы жүріп жатыр» деген сөз барлық мектеп дайын дегенді білдірмейтіні тағы рас. Керісінше, сол соңғы мониторингтің өзі проблемалы нүктелердің әлі де бар екенін ашық көрсетті.

Зеренді ауданына қарасты Алексеевка кентіндегі №1 мектепте жөндеу жұмыстары әлі де басталмаған. Құзырлы органның ресми түсіндірмесі әзір. Қосылған құн салығы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты жобалық-



Ақмола

сметалық құжаттаманы түзету қажет болған. Сол себепті қайта конкурс өткізуге тура келіпті-мыс. Қағаз жүзінде себеп түсінікті. Бірақ күнтізбе түсіндірмені тындамайды. 1 қыркүйек жақындағанда «конкурс қайта өткізіледі» деген жауап балаларын мектепке жетектеген ата-анаға қаншалықты жұбаныш болмақ?

Одан да өткір мысал — Ерейментау ауданының Еркіншілік ауылындағы мектеп. Департаменттің соңғы мониторингі бойынша онда құрылыс-монтаж жұмыстары әлі дайындық кезеңінде. Қазір рұқсат беру құжаттары рәсімделіп жатыр. Құжаттар алынғаннан кейін ғана мердігер жөндеу жұмыстарына кіріспек.

ЖӨНДЕУДЕН ТЫС ҚАЛҒАН МЕКТЕП КӨП

Өңірдегі білім саласындағы өткір жайт күрделі жөндеумен біткен жоқ. Облыстың 62 мектебін биыл жөндеу жоспарланған. Бұл бағытқа бюджет қоржынынан 1,3 млрд теңге қарастырылыпты. Маусымдағы ресми мәлімет бойынша, 62 мектептің 47-сінде жұмыс басталған. Яғни 15 мектепте ол кезде жөндеу әлі басталмаған. Департамент негізгі қатер ретінде конкурстық рәсімдердің созылуын және кейбір нысандардағы жұмыстардың кеш басталуымен түсіндіреді. Содан кейін жұмыстардың бір бөлігі басталған болуы мүмкін. Бірақ қоғамға дәл қазір керек нәрсе — 24 тамыздағы нақты нәтиже. Қай мектепте жөндеу толық аяқталды? Қайсысында әлі жүріп жатыр? Қай мектепте құрылыс жұмысы оқу процесіне кедергі келтірмейді?

Өкініштісі сол, білім ордаларындағы санитариялық жағдай да мүшкіл халде екені байқалды. Бұл туралы өңірдің құзырлы СЭС департаментінің БАҚ өкілдері алдында жақында жария еткен брифинг барысында мәлім болды. Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті жаңа оқу жылына дайындық кезінде 503 мектеп пен 462 ас блогына мониторинг жүргізген. Нәтижесінде, 300 нұсқама берілген. Нұсқамалар жөндеуді уақытында аяқтау, жарықтандыру құралдарын ауыстыру, коқыс контейнерлерін орнату, асханаларға тартпа қошатырлар қою және басқа да мәселелерге қатысты.

хана жұмысы тоқтатылды» деген ақпаратпен бітпеуге тиіс.

АСХАНА ТАМАҒЫН БАЛАЛАР НЕГЕ ЖЕМЕЙДІ?

Жаңа тамақтану стандарты енгізілгеннен кейін кейбір тағамдардың желінбеу индексі 50-70 пайызға дейін жеткен. Яғни ресми құзырлы органның дерегіне, балаға ұсынылған тағамның едәуір бөлігі желінбей қалған. Қырыққабат пен сәбіз таяқшалары, арпа жармасы, жасыл бұршақ сияқты өнімдер мәзірде болған.

Мәселені мәзірді өзгерту арқылы шешуге болатыны кейін дәлелденді. Ет пен ақуыз өнімдерінің үлесін арттыру жөніндегі ұсыныстардан кейін модельдік мектептерде желінбеу

Оқу жылына әзір ме?



Санитариялық ведомствоның 21 тамыздағы мәліметінде берілген барлық нұсқаманың орындалуын тексеру және ұсынылған ақпаратты талдау әлі жүргізіліп жатқаны айтылған. Міне, мәселенің түйіні де осында. 1 қыркүйекке санаулы күн қалғанда, мектептердегі анықталған кемшіліктердің жойылған-жойылмағанын тексеру әлі жүріп жатыр.

Мектеп қабырғасындағы жарықшақ бір басқа болса, ал бала ішетін ас — мүлде басқа мәселе. Аймақтың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, мониторинг қорытындысымен Целиноград ауданында рұқсат құжаттарыңыз жұмыс істеген бес бірдей мектеп асханасының қызметін тоқтату жөнінде шешім қабылданған. Ойлап көріңіз. Мемлекет бақылауындағы мектептің ішіндегі балалар тамақтанатын нысандағы мұндай жағдай аса алаңдатарлық ахуалды айғақтайды.

Олар тексерілгенге дейін қалай жұмыс істеді? Оларға кім рұқсат берді?

Балаларға тамақ беруге дейін қандай бақылау болған? Бұл сұрақтардың жауабы жай ғана «ас-

ты. Әрине, бұл — жақсы нәтиже. Бірақ жақсы нәтиже шыққан үш мектеп бүкіл облыстың мәселесі шешілді деген сөз емес.

Санитариялық қызмет биыл бақылау тәсілдерін де өзгерткенін хабарлады. 2025 жылғы 4 желтоқсаннан бастап мемлекеттік бақылаудың жаңа нысандары енгізіліп, мектептерге алдын ала ескертусіз мониторинг жүргізу мүмкіндігі пайда болыпты. Яғни бақылаудың «күтпеген жерден келу» қағидаты енгізілген.

Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті өзінің соңғы мониторингінде облыс мектептерінің жаңа оқу жылына дайындығы жоспарлы түрде жүзеге асып жатқанын хабарлады. Мердігерлер анықталып, шарттар жасалған. Техникалық және авторлық қалағалау бар. Нысандардың басым бөлігінде құрылыс-монтаж жұмыстары бекітілген кесте бойынша жүріп жатыр. Мұның бәрін жоққа шығаруға болмайды.

Бірақ ресми есептің келесі жолдарында Алексеевкадағы №1 мектепте жөндеудің басталмағаны, Еркіншіліктегі мектепте құрылыс-монтаж жұмыстарының дайындық кезеңінде тұрғаны жазылған. Сондықтан «жоспарлы түрде» деген сөздің қасына бір ғана сұрақ мазалайды. Жоспар бойынша ма, әлде нақты нәтиже бойынша ма?

Құзырлы орган дерегіне, Ақмола облысында биыл мектеп жөндеуіне 6,9 млрд теңгеге жуық қаржы бағытталған. Оның 5,6 млрд теңгесі күрделі жөндеуге, 1,3 млрд теңгесі ағымдағы жөндеуге бөлініпті. Сондықтан ата-ананың «Менің балам баратын мектеп дайын ба?» деп сұрауға толық құқығы бар. Ол үшін ата-анаға жүздеген бет есептің керекті жоқ.

Мектеп — құрылыс алаңы емес, баланың білім алатын орны. Сондықтан 31 тамыз күні түнде соңғы бояуды жағып, таңертең парталарды орналастырып, «бәрі дайын» депесік ашудайындықтың үлгісі болмауға тиіс. Бала құрылыс қарқынының құрбаны болмауы керек. Ата-ана мемлекеттік сатып алудың кешігуіне жауап бермеуі керек. Оқушы мердігердің ұйымдастыруындағы олқылықтың салдарын сезінбеуі керек. Ал асханадағы рұқсат құжатының жоқтығын бала анықтауы керек. Мұны ересектер алдын ала анықтауға тиіс.

Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті өз кезегінде мониторингті жалғастыратынын мәлімдеді.

Қысқасы, 1 қыркүйек — есеп тапсыратын күн емес. Бұл — мемлекеттің бала алдындағы жауапкершілігі сыналатын күн. Қоңырау соғылғанда, қабырғада балғаның үні емес, мектеп дәлізінде баланың күлкісі естілуі керек.

Асханада рұқсат қағазы ізделмей, балаға қауіпсіз тамақ берілуі тиіс. Сыныпта құрылыс шаңы емес, білімнің ауасы сезілуі қажет. Ал мектеп есігін ашқан ата-ана: «Баламды бүгін осында қауіпсіз қалдыра аламын ба?» деп күмәнданбауға тиіс. 1 қыркүйекке бір апта ғана қалды. Ал білім ордаларындағы жағдай осы үдерістен шыға ала ма? Бұл көптің көкейінде күдікті күшейтіп тұр.

индексі 5-10 пайызға дейін төмендеген.

Ал Көкшетауда жаңа тамақтану үлгісін бақылау үшін үш модельдік мектеп — ІТ мектеп-лицейі, №3 және №19 мектептер белгіленген. 18 тамыздағы «Көкше» телеарнасының материалында соңғы талдаулар бойынша желінбеу индексінің 5 пайызға дейін төмендегені айтылып-

ДАМУ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

30 тамыз – Өскемен қаласының күні. Бұл – Ертістің қос жағасына жайғасқан, тарихы терең, табиғаты көркем шаһардың өткені мен бүгінгіне көз жүгіртіп, ертеңіне ой салатын ерекше күн. Бүгінде Өскемен жаңа кейіпке еніп келеді. Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың қолдауымен қаланы абаттандыру, көгалдандыру, жолдарды жаңарту, қоғамдық көлікті дамыту, табиғи аумақтарды сақтау және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр.

ЖАСЫЛ ҚАЛАҒА
БАСТАР ЖОЛ

Шаһардың экологиялық ахуалын жақсарту мен жасыл қорын көбейту – қала дамуының маңызды бағыттарының бірі.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында биыл Өскемен аумағына 20 мыңға жуық көшет отырғызу жоспарланған. Оның 9 мыңға жуығы қазірдің өзінде егілді. Бұл – қаланың жасыл желегін көбейтіп қана қоймай, тұрғындар үшін қолайлы әрі таза орта қалыптастыруға бағытталған нақты кадам.

Сонымен қатар Өскеменнің жасыл қорын тиімді басқаруға мүмкіндік беретін дендрологиялық жоспар әзірленуде. Жасыл желектерді түгендеу, жел раушанын ескеру және әр ағаш туралы мәліметті электрондық паспортқа енгізу арқылы қаладағы ағаштарды бірынғай цифрлық жүйеде есепке алу көзделген. Яғни енді шаһардың әр ағашы цифрлық жүйеде тіркелген экожүйенің бір бөлігіне айналмақ.

Табиғи аумақтарды дамыту жұмыстары да жалғасуда. «Шешек» экобағын абаттандырудың екінші кезеңі басталмақ. Мұнда жаңа демалыс орындары, спорт алаңдары мен автотұрақтар салынып, аумақ одан әрі көгалдандырылады.

Ал Ертістің сол жағалауындағы 21 гектардан астам аумақты қамтитын «Қайың тоғай» экобағын дамыту бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Негізгі мақсат – табиғи ландшафтты сақтай отырып, қала тұрғындары серуендеп, тынығып, табиғат аясында уақыт өткізе алатын экологиялық кеңістік қалыптастыру.

Қаланың экологиялық ахуалы қоғамдық көлікті жаңғыртумен де тікелей байланысты. Кейінгі жылдары Өскеменде қоғамдық көлік паркін жаңарту қарқын алды. Қала тасымалдаушылары 250-ден астам қоғамдық көлікті жаңартты.

Биыл тағы 44 автобус, 15 шағын автобус және 27 электробус

ӨСКЕМЕНДЕГІ
ИГІ ІСТЕР

сатып алу жоспарланған. Қазір қоғамдық көлік паркінің 85 пайызы жаңартылды.

Бұл бағыттағы маңызды қадамның бірі – электробустарды енгізу. Өскеменге 12 электробус жеткізілді. Экологиялық таза көліктің қала көшелеріне шығуы атмосфералық ауаға түсетін жүктемені азайтып, қоғамдық көліктің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар көлік желісі тұрғындардың қажеттілігіне қарай кеңейтілуде. Ахмер ауылында №223 және №255А жана автобус бағыттары сынақ режимінде іске қосылды. Тұрғындардың сұранысы расталған жағдайда, бұл маршруттар тұрақты желіге енгізіледі.



«Таза Қазақстан» акциясы аясында биыл Өскемен аумағына 20 мыңға жуық көшет отырғызу жоспарланған. Оның 9 мыңға жуығы қазірдің өзінде егілді.

Бұл жай ғана жаңа бағыттардың ашылуы емес, яғни қала мен оның шеткі аудандары арасындағы байланыс жақсарып, адамдардың жұмысқа, мектепке және басқа да әлеуметтік нысандарға қолжетімділігі артады.

ЖАҢАРҒАН ЖОЛДАР

Қала тұрғындары үшін күнделікті жайлылық, ең алдымен, сапалы жолдан басталады. Осы бағытта да Өскеменде ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр.

Биыл облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың қолдауымен қалада 60 шақырым жолды орташа жөндеумен қамту көзделген. Бұл

өткен жылғы 42,2 шақырыммен салыстырғанда едәуір жоғары көрсеткіш.

Жалпы, бөлінген қаржы аясында 69 учаскеде 67,9 шақырым жолды жөндеу жоспарланған. Бүгінде 42 учаскеде 43,5 шақырым жол жөнделіп, жоспардың 64 пайызы орындалды. Тағы 10 учаскеде 11,4 шақырым жолда жұмыс жүргізілуде.

Согра ауданында 6,4 шақырым асфальт жабыны жаңартылды.

Жолдардың жағдайын жақсарту үшін шұңқырларды жөндеу де қатар жүргізілуде. Жыл соңына дейін 41 825 шаршы метр жол жамылғысындағы шұңқырларды жөндеу көзделген. Қазір оның 35 571 шаршы метрі, яғни 85 пайызы орындалды.

Сондай-ақ 70 учаскеде 47 шақырым жолға қиыршық тас төсеу және 9 учаскеде 4,7 шақырым жаяу жүргіншілер жолын абаттандыру жоспарланған.

Қаладағы жайлылық жолмен ғана өлшенбейді. Осыған байланысты қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған 80-100 контейнерлік алаңға жаңа қоршаулар орнату, ірі көлемді қалдықтарды жинауға арналған 20 алаңды бетон қоршаулармен жабдықтау және көшелерге 1 499 жаңа жарық нүктесін орнату көзделген.

Мұның бәрі – тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін өзгерістер.

ӨСКЕМЕННІҢ ЖАҢА
МҮМКІНДІКТЕРІ

Шаһарда апатты және тозығы жеткен тұрғын үйлерді кезек-кезеңімен бұзу жұмыстары жалғасуда. Биыл бұзу жоспарына 6 үй енгізілген.


Сонымен қатар Әуезов даңғылы мен қаланың басқа да орталық көшелеріндегі көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбетін жаңарту жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл Өскеменнің сыртқы келбетін

Ал Славский жағалауындағы VK Tower көпфункционалды кешенінің құрамында Hilton Garden Inn Oskemen төрт жұлдызды қонақүйі бой көтермек. Azimut Capital ЖШС жүзеге асыратын жобаның инвестициялық көлемі 17 млрд теңгені құрайды. 2026-2028 жылдарға жоспарланған кешен құрамында қонақүйден бөлек бизнес-орталық пен ойынсауық орталығы болады.

22 қабатты ғимаратта Hilton Garden Inn қонақүйінің 150 нөмірі орналасады. Жобалау жұмыстары жүргізіліп, сыртқы инженерлік желілер бойынша құжаттар мемлекеттік сараптамаға жолданып жатыр.

Сол жағалауда «ПРИЧАЛ» ЖШС-ның 10 млрд теңгелік қонақүйлер салу жобасы да жоспарланған. Жоба жүзеге асқан жағдайда 120 жаңа жұмыс орны ашылады.

Ал AURORA RESIDENCE жобасы аясында қонақүй-мейрамхана кешенін, SPA-орталық пен абаттандырылған серуендеу аймағын салу көзделген. Нысанда 70 қонақүй нөмірі және 500-600 орындық мейрамхана болады.



жаңартып, тарихи қалыптасқан қалалық ортаны заман талабына сай етуге мүмкіндік береді.

Қаланың өзгеруі жаңа инвестициялық жобалардан да көрінеді. Өскеменде туризм, қонақүй бизнесі және іскерлік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бірнеше ірі жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Luncin International компаниясы 12 млрд теңге инвестиция көлемімен бес жұлдызды қонақүй салуды жоспарлауда. Қазір жоба бойынша жер учаскесін таңдау және келісу жұмыстары жүргізілуде.

Бұл жобалардың барлығы Өскеменнің туристік және іскерлік әлеуетін арттыруға, қала экономикасына жаңа серпін беруге бағытталған.

Қорыта айтқанда, Ертістің қос жағалауындағы қала бүгінде өзінің жаңа келбетін қалыптастырып келеді. Тарихын сақтай отырып, жаңаруға ұмтылған Өскеменнің басты байлығы – оның табиғаты, сәулеті немесе инфрақұрылымы ғана емес, осы қаланы көркейтуді мақсат еткен еңбеккер халқы.

Айна ХАСАН



КӨКЕЙКЕСТІ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Меркідегі 19 жастағы келіншектің қазасы көпшілікті бейжай қалдырмады. Өрімдей жастың ерте үзілгені – қоғамды дүр сілкінтті. Рас, кейінгі жылдары бұл бағыттағы заңнамалық талаптар күшейіп, жауапкершілік қатаңдатылды. Президент әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындап, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік таныту қажет деген еді.

Гүлзина БЕКТАС

Мемлекет басшысының бастамасымен қабылданған заңнамалық өзгерістер аясында әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар үшін жауапкершілік күшейді. Қазір ұрып-соғу мен денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Солай бола тұра, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған қыз-келіншектердің әлі де өзін қорғай алмауының сыры неде?

ТЕПЕРІШ



ТҰНШЫҚҚАНДАР



Елнар КАБА (қолжазба)



Оның пайымдауынша, Қазақстанда осындай тәуекел факторларын бір жүйеге жинақтап бағалайтын ресми хаттама әлі де қажет. Әсіресе әйелдің ажырасуға шешім қабылдауы немесе үйден кетуге дайындалуы, қауіптің азайғанын емес, керісінше, кей жағдайда күшейгенін білдіруі мүмкін.

Белгілі сарапшы, зерттеуші ғалым Әйгерім Құсайынқызының айтуынша, 2024 жылғы 15 сәуірде қабылданған заң осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі болды. Заңнамалық өзгерістер нәтижесінде ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру қылмыстық жауапкершілік аясына қайтарылып, тараптардың татуласуына байланысты істі тоқтату мүмкіндігі шектелді.

— Занның күшейтілуі — дұрыс бағыт. Бірақ біз зорлықтың салдарымен ғана емес, оған алып келетін ұзақ процеспен де күресуіміз керек. Тұрмыстық зорлық әрдайым бір күнде басталып, бірден ауыр дене жарақатына көрінбейді. Оның өзегінде адамның автономиясын жүйелі түрде жою жатуы мүмкін. Қаржысын бақылау, кіммен сөйлесетінін шектеу, құжатын алып қою, жүріс-тұрысын қадағалау, үнемі кемсіту — мұның бәрі мәжбүрлеп бақылаудың көріністері. Бірақ осы әрекеттердің көбі біздің қылмыстық заңнамада дербес құрам ретінде қарастырылмайды. Сондықтан заң көбіне зорлық тізбегінің соңғы буынына ғана жетеді, — дейді Әйгерім Құсайынқызы.

Оның пікірінше, мұндай істерде «неше рет ұрды?» деген өлшеммен қарау — жеткіліксіз. «Ал ғалымдардың тұжырымы бойынша дұрыс өлшем эпизод саны емес, бақылау деңгейі. Бір рет те ұрмаған, бірақ толық тәуелділікте ұстаған қатынас өлімге бір емес, бірнеше эпизод-

тан гөрі жақынырақ тұруы мүмкін. Тәуекелді бағалау құралы бізде енгізілмеген», — дейді сарапшы.

ҚАУІП — ҚАЙДАН?

Әйгерім Құсайынқызы халықаралық тәжірибеде тұрмыстық зорлықтың адам өліміне ұласу қаупін бағалайтын арнайы әдістемелер бар екенін айтады. Соның бірі — зерттеуші Джаклин Кэмпбелл әзірлеген Danger Assessment қауіп-қатерді бағалау құралы. Онда қаруға қолжетімділік, буындыру, жүктілік кезіндегі зорлық, өлтіремін деп қорқыту, жәбірленушінің қарым-қатынасты үзуге талпынысы, агрессордың жұмыссыздығы мен шектен тыс қызғанышы секілді факторлар ескеріледі.

Оның пайымдауынша, Қазақстанда осындай тәуекел факторларын бір жүйеге жинақтап бағалайтын ресми хаттама әлі де қажет. Әсіресе әйелдің ажырасуға шешім қабылдауы немесе үйден кетуге дайындалуы, қауіптің азайғанын емес, керісінше, кей жағдайда күшейгенін білдіруі мүмкін.

— Біз «Неге кетпеді?» деген сұрақтан арылуымыз керек. Бұл — зерттеу сұрағы емес, жауапкершілікті құрбанға аударатын формула. Керісінше, «Агрессор неге жібермеді?» деп сұраған дұрыс. Қатынасты үзуге шешім қабылдаған немесе ажырасуға арыз берген адам жоғары тәуекел тобына жатқызылып, оған қауіпсіздік жоспары ұсынылуы

керек. Өйткені кету кезеңі — ең қауіпті кезеңдердің бірі, — дейді зерттеуші.

Ол буындыру мен тұншықтыру әрекеттеріне де айрықша назар аудару қажеттігін айтады. Мұндай әрекет кейде көзге көрінетін ауыр із қалдырмаған-дыктан, оның қаупі толық бағаланбауы мүмкін. Ал халықаралық зерттеулер бұрын буындыруға ұшыраған әйел үшін кейін өлімге әкелетін зорлық қаупі айтарлықтай жоғары бола-

орталықтар бізде көп пе? Әйгерім Құсайынқызы келтірген мәліметке сүйенсек, ресми құжаттарда елдегі 33 дағдарыс орталығы көрсетілсе, кеңірек есептерде 15 мемлекеттік және 46 мемлекеттік емес ұйымдағы жалпы 976 төсек орны туралы дерек бар. Ал халықаралық әдістемелердегі халық санына шаққандағы есеппен Қазақстанға шамамен 2 мың орын қажет болуы мүмкін. Яғни қажеттілік пен қолда бар мүмкіндік арасында елеулі алшақтық бар. Оның үстіне мұндай орталықтардың басым бөлігі ірі қалалар мен облыс орталықтарында орналасқан. Аудан мен ауылда тұратын әйел үшін орталыққа жетудің өзі жол ақысы, баланы алып жүру,

қайту жолын жабатынын, басындағы халді ашық айтуға кедергі келтіретінін және жауапкершілікті агрессордан жәбірленушінің өзіне аударып жіберетінін айтады.

— Ата-ананың үйі қыз үшін бірінші деңгейдегі қауіпсіз орын болуы керек. Қайтып келген қызды кінәламау, «ел не дейді?» деп қайтадан зорлық бар ортаға жібермеу — өте маңызды. Кейде осындай қарапайым қоғамдық өзгерістің өзі құқықтық реформамен тең әсер береді. Үшінші тұлғаның үнсіздігі де зорлықтың жалғасуына жағдай жасайды. Көрші, дәрігер немесе әріптес «бұл — өздерінің отбасылық мәселесі» деп одан сырт айналмағаны жөн, — дейді ол.

Әйгерім Құсайынқызы мәселенің алдын алу үшін жасөспірімдерге қарым-қатынастағы жеке шекара, келісім, психологиялық қысым мен мәжбүрлеп бақылаудың белгілерін мектеп жасынан түсіндіру қажет деп есептейді. Мұндай білім тек қыздарға емес, ұлдарға да бірдей берілуге тиіс.

Телефонды үнемі тексеру, достарымен және туғандарымен араласуға тыйым салу, ақшаны толық бақылауға алу, жүйелі кемсіту, әр жағдайға «өзің кінәлісің» деп айыптау, жүктілік кезінде агрессия таныту — бұл ардың барлығы физикалық күш қолданылмай тұрса да, зорлықтың басталғанын білдіруі мүмкін.

Мұндай белгілерді тек отбасы мүшелері ғана емес, мұғалім, мектеп дәрігері, әлеуметтік қызметкер де тани білуі қажет. Ал жоғары тәуекел байқалған жағдайда полиция, прокуратура, сот, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және дағдарыс орталықтары өзара ақпарат алмасып, нақты істі бірлесе қадағалайтын жүйе болғаны дұрыс.

Өйткені зорлық — бір отбасының жабық есігінің ар жағында қалатын жеке мәселе емес. Оның алғашқы белгілерін көріп тұрып елемей — қауіптің тамыры жаюына мүмкіндік беру. Ал кез келген зәбір шеккен адамның көмек сұрағаны әлсіздігі емес, қауіпсіз өмірге жасалған қадам екенін қоғам түсінгені абзал.

Кез келген адам (қыз болса да, ұл болса да) қауіп төнген жағдайда полицияға, медициналық мекемеге немесе дағдарыс орталығына жүгінгені жөн. Ол үшін «ұят» деген ұғымды жиып қойған абзал. Әйтпесе, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа шыдап, көніп жүрген кейбір қыз-келіншектердің өмірінің соңы қайғылы аяқталуы мүмкін.

құжаттарды жинау тәрізді қосымша қиындық туғызады.

— Қазіргі модельде кейде зорлық жасаған адам емес, жәбірленуші үйінен кетеді. Әйел жұмысын, әлеуметтік ортасын, баласының мектебін тастайды. Ал агрессор өз үйінде қалады. Сондықтан агрессорды үйден шығару, оның қозғалысын бақылау және мінез-құлқын өзгертуге бағытталған міндетті бағдарламаларды дамыту қажет. Жазасын өтеп келген адамның бұрынғы мінез-құлқы өзгермесе, қауіпсіз деп айтуға тағы болмайды, — дейді сарапшы.

«ШЫДА» ДЕГЕН БІР АУЫЗ СӨЗ ДЕ ҚАУІПТІ

Тұрмыстық зорлықтың тамыры тереңде жатқан секілді. Өйткені кей тұста «өңгімені сыртқа шығарма», «шыда», «ұят болады» деген түсініктер де жәбірленушінің өзгеден көмек сұрауына кедергі болуы мүмкін.

Сарапшы мұндай ұстанымдар әйелдің ата-анасының үйіне

P.S.

Қоғам қатерлі шекке жақындады. Отбасы құндылықтары төңкерілген қазандай аударылып қалды. Өзара түсіністік, жарасымды сыйластықтың орнын материалдық құндылықтар алмастыруда. Соның салдары — бір аспанның астында жүрсек те, бір шатырдың астында өмір сүруге дайын болмауға алып келді. Өмірдің тұйығы — батпақтың ұйығы. Бір батқан соң шығу қиын. Қабырға артындағы қасіретке қашан тоқтам болады? Әлде осылай кете бере ме?

ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҒЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Қазақстанда тұрмыстық қиындықтан (зорлықтан) қашқан әр әйел паналайтын орын — дағдарыс орталығы. Ал мұндай

СЕРПІН

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



Қазірдің өзінде 1-сыныпқа 150-ден астам бала құжат тапсырған, ал мектепте жаңа оқу жылына алты бірінші сынып ашу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған екі арнайы кабинет жабдықталған. Өткен оқу жылында мұнда ерекше қажеттілігі бар 30 бала білім алса, биыл 26 баланың құжаты қабылданған. Қазір облыста жаңа білім беру нысандарын пайдалануға беру нәтижесінде өңірдегі үш ауысымды бір мектептің, бір апатты мектептің және 3 мың оқушы орны тапшылығы бар мектептердің мәселесін шешу көзделіп отыр. Осы мақсатта биыл жаңа білім беру нысандарының төртеуі «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылуда. Оның бірі — Алтын Орда шағын ауданындағы 900 оқушыға арналған №81 жалпы білім беретін мектебі. Білім ордасында STEM және робототехника,

Биыл реновация жүргізілетін 8 мектептің қатарында Ақтөбе қаласындағы №37, №22 және №17 орта мектептері, Әйтеке би ауданындағы М.Жұмабаев атындағы орта мектеп, Байғанин ауданындағы Қарауылкелді орта мектебі, Темір ауданындағы С.Бәйішев атындағы орта мектеп, Шалқар ауданындағы №8 орта мектеп және Мұғалжар ауданындағы Құмсай орта мектебі бар. Жоба аясында аталған білім беру ұйымдарына 567,0 млн теңге бөлініп, 42 заманауи пәндік кабинет сатып алынды және мектеп кітапханалары мен жиһаздары жаңартылды.

Облыс орталығындағы ең көне білім беру ұйымдарының бірі, 1955 жылы құрылған №22 мектеп реновация жүргізілетін мектептер қатарына еніп, мұнда жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мектептің қасбеті мен шатыры жаңартылып, ішкі бөлмелер, едендер және инженерлік жүйелер жөнделуде. Оқу

Еліміздің білім беру ұйымдарында 2026-2027 жаңа оқу жылында оқыту, тәрбиелеу және білім беру үдерісін цифрлық трансформациялау бойынша жаңартылған тәсілдер іске асырыла бастайды. Кезең кезеңмен енгізілуге тиіс бұл өзгерістер мектепке дейінгі, бастауыш және орта білім беру сапасын арттыруға бағытталады. Бұл мақсатта Ақтөбе облысында атқарылып жатқан істер жетерлік.

ЖАҢАРҒАН МЕКТЕП — САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

кабинеттерінде әрлеу жұмыстары жүргізіліп, электрмен, сумен жабдықтау, кәріз және басқа да инженерлік коммуникациялар жаңартылуда. Сонымен қатар тарих, география, математика, информатика және алғашқы әскери дайындық пәндеріне арналған бес оқу кабинетін заманауи жабдықтармен және жиһаздармен қамтамасыз ету көзделген. Ғимараттағы электрмен жабдықтау жүйесі толық жаңартылып, электр кабельдері ауыстырылған. Сонымен қатар мектепке жапсарлас 300 орындық қосымша ғимараттың құрылысы жүргізілуде. Жаңа қосымша ғимарат мектептің мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Мұнда арнайы оқу кабинеттері, әкімшілік бөлмелер, психолог пен дефектолог кабинеттері, сондай-ақ акт және спорт залдары орналасады.

2026-2027 жаңа оқу жылында облыстағы 450-ге жуық мектепте 194 мыңнан астам оқушы білім алады деп күтілуде. Биыл облыс бойынша бірінші сыныпқа 20 234 бала барады. Өңірде әлеуметтік осал санаттағы балаларға мектепке дайындық үшін қаржылай және материалдық көмек көрсетіледі. 2026 жылы мұндай қолдау 16 064 балаға көрсетілмек. Бұл мақсатқа 816,9 млн теңге қарастырылған. Сонымен қатар 5 мыңнан астам бала демеушілердің қолдауымен өтетін «Мектепке жол» акциясы аясында көмек алады.

Ал Ақтөбе қаласының аумағында 2026—2027 оқу жылында 93 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеп, онда 116 947 оқушы оқитын болады. Қаланың мектепке дейінгі білім беру жүйесінде 25 880 мектеп жасына дейінгі бала мектепке дайындалуда.

Облыстық білім басқармасы адам капиталын дамыту, сапалы білім беру және кәсіби өсуге мүмкіндік жасау бағытында заманауи білім беру тәсілдерін енгізу және бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастыруға қажетті жағдай жасау мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Дегенмен қазір өңір мектептерінде 396 педагог жетіспейді. Мұндай қажеттілік барлық аудандарда және Ақтөбе қаласында бар. Кадр тапшылығын шешу мақсатында облыстық Білім басқармасы бірқатар нақты шешім қабылдап, биыл жоғары оқу орындарын педагогикалық мамандықтар бойынша бітірген түлектерді облыс мектептеріне орналастыру бағытындағы жұмыстарды жүзеге асырып жатыр.

Тілек ҚАБЫЛ

Оқу-ағарту министрлігі негізгі назарды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыруға, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруге, балалар үшін қолайлы дамытушы орта қалыптастыруға және сапалы мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігін кеңейтуге аудармақ. Сонымен қатар мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру тетіктері жетілдіріліп, мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын бағалаудың заманауи тәсілдерін енгізуді жоспарлап отыр. Ал бастауыш білім берудегі басты өзгеріс оқу мазмұнын жаңартуға бағытталады. Яғни оқу бағдарламаларында оқу жүктемесі оңтайландырылып, математика пәні бойынша оқу мақсаттары қайта қаралды, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін тақырыптар алынып тасталды. Бірінші сынып оқушылары үшін бейімделу кезеңі қарастырылған. «Әліппе» және «Ана тілі» пәндеріне бөлінетін сағат саны ұлғайтылып, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға көбірек уақыт бөлінетін болады. Барлық орта білім беру ұйымдарында жалпыұлттық құндылықтарға, азаматтық жауапкершілікке, патриотизмге және заңға құрмет қағидаттарына негізделген «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру жалғасады. Барлық сынып оқушылары жас ерекшеліктерін ескере отырып, жасанды интеллект негіздерімен танысады.

Сондай-ақ орта білім беру жүйесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру басталады. Еліміздің пилоттық мектептерінде оқытуды дараландыруға, оқу нәтижелерін автоматтандырылған талдауға және білім алушыларға дербес қолдау көрсетуге бағытталған заманауи AI-шешімдер сынақтан өткізіледі. Жоба аясында бастауыш сыныптарда педагог пен интеллектуалды AI-көмекшінің бірлескен жұмысын көздейтін инновациялық «екі

мұғалім» моделі сынақтан өткізіледі. Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше, әрбір оқушыға жеке қолдау көрсететін тиімді көмекші қызметін атқарады.

Ақтөбе облысында да аталған өзгерістер бойынша білім саласын оңтайландыру жұмыстары тиімді іске асырылып жатыр. Облыстық Білім басқармасының мәліметінше, жаңа оқу жылына дейін облыста жалпы 4 060 орынға арналған 9 мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі. Атап айтқанда, Ақтөбе қаласында 3 жаңа мектеп және 2 жапсарлас құрылыс жұмыстары аяқталады деп жоспарланған. Олар — «Алтын орта» тұрғын алабындағы 900 орындық, «Оңтүстік-Батыс-2» тұрғын алабындағы 300 орындық, «Шилісай-1» тұрғын алабындағы 600 орындық нысандар, сондай-ақ №8 орта мектепке 300 орындық және Д.Қонаев атындағы орта мектепке 600 орындық жапсарлас құрылыс. Мұғалжар ауданындағы Ащысай негізгі мектебінің 60 орындық ғимараты, Темір ауданындағы Кеңқияқ ауылындағы 600 орындық және Шұбарқұдықтағы 600 орындық мектептер, сондай-ақ Мәртөк ауданындағы Кеңсахара ауылындағы 100 орындық мектеп пайдалануға беріледі. №8 орта мектепке жапсарлас салынған 300 орындық құрылыс апта басында пайдаланылуға берілді. Бастауыш сынып оқушыларына арналған бұл ғимаратта 11 оқу кабинеті, 4 информатика кабинеті, спорт залы, асхана және ұл балаларға арналған шеберхана орналасқан. Барлық оқу кабинеттері заманауи интерактивті панельдермен, жаңа жиһаздармен және оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған. Жалпы мектептің негізгі 600 орындық ғимараты 2012 жылы пайдалануға берілген. Қазір онда 1 368 оқушы білім алады. Оқушы орнының тапшылығын шешу мақсатында жапсарлас ғимараттың іргетасы 2024 жылы қаланған. Жаңа оқу жылында жаңа корпуста бастауыш сыныптың 26 сыныбы оқиды.

информатика, химия, биология, физика, география, тілдер мен математика кабинеттері жабдықталған. Сонымен қатар шеберханалар, кітапхана, акт залы, хореография және спорт залдары қарастырылған.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған тағы бір білім ордасы — Ақтөбе қаласының Оңтүстік-Батыс-2 тұрғын алабында салынған 300 орындық №87 жалпы білім беретін мектеп. Мұнда да оқушыларға заманауи білім алуға қажетті жағдай жасалған. Сондай-ақ Темір ауданындағы Кеңқияқ пен Шұбарқұдық елді мекендерінде ашылатын мектептер де «Келешек мектептері» ұлттық жобасы бойынша салынды. Жалпы алғанда, Ақтөбе облысында 2023-2026 жылдары аталған ұлттық жоба аясында сыйымдылығы 11 400 орындық 14 жаңа мектеп салынды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан «1 300 мектепті реновациялау» ұлттық жобасы аясында өңірде 2025-2027 жылдары 24 мектеп кешенді жаңғырту жоспарланған. Биыл облыста 10 білім беру нысанын, оның ішінде 9 мектеп пен 1 мектепке дейінгі ұйымды жөндеу қарастырылған. Бұл мақсаттарға облыстық бюджеттен 3,2 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде 8 мектеп Президент тапсырмасына сәйкес реновация бағдарламасы аясында жаңғыртылып, материалдық-техникалық базасы толықтырылуда.

Бірыңғай заманауи мектеп инфрақұрылымына көшу мақсатында өңірде 2027 жылға дейін 24 мектепті реновациядан өткізу көзделген. Оның ішінде 2025 жылы — 7, 2026 жылы — 8, ал 2027 жылы 9 мектеп жаңғыртылмақ. Сондай-ақ 7 мектепке күрделі жөндеу жүргізілді. Олардың материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Аталған жұмыстарды жүзеге асыруға облыстық бюджеттен 3,0 млрд теңге бөлінген.

ЖАНСАРАЙ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

— Шах-Мұрат мырза, бүгінде сізді дубляж саласындағы бірқатар мәнді жобаның басы-қасынан жиі көреміз. Өзіңіз қызмет еткен он жылдың ішінде бұл саланың сіз байқамаған қандай қырын көрдіңіз?

— Расында алғашқы жобаларымызбен салыстырғанда, қазір көп нәрсе өзгерді. Дыбыстау процесі де, мәтінмен жұмыс істеу тәсілі де бұрынғыдай емес. Уақыт өте келе маман тәжірибе жинап, шыңдала түседі. Біртіндеп қолыңда, тілің де, санаң да жаттығады. Соның ең алғашқы байқалған нәтижесі — жұмыс жылдамдығы. Алғашқы жылдары бір фильмді дыбыстауға 20-25 күнге дейін уақыт арнайтын кездер болды. Қазір мәтін толық дайын болса, фильмді 8-9 күннің ішінде дыбыстап шығуға болады. Бұл — дыбыстау кезеңі ғана, одан кейін монтаж бен техникалық жұмыстар жалғасады. Екіншіден, әр жаңа жоба — жаңа белес, жаңа сабақ. Қазір фильмді алғаш көргеннен-ақ оның қазақ көрерменіне қаншалықты үйлесетінін, өзектілігін, оған қанша күш пен уақыт жұмсау керектігін шамалай аламыз. Бұрын жақсы бір жоба көрсек болды, «осыны қазақшалайық» деп бірден іске кіріссек, қазір таңдауға тәжірибемен қараймыз. Сонымен бірге әртістермен жұмыс істеу тәсіліміз өзгеріп, оларға қоятын талабымыз да өсті.

— Он жылда көрерменнің талғамы өзгерді ме?

— Әрине өзгерді. Оның жақсы қыры да, көңілге ой салатын тұстары да бар. Біріншіден, осыдан он жыл бұрын кинотеатрға тұрақты түрде баратын орта буын көрерменнің қатары қазір біршама сирегендей. Бұған карантин кезеңінің де әсері бар. Бірақ қазақ тіліндегі контентке келгенде, керісінше үрдіс байқалады. Қазір ана тіліміздегі туындыларды тамашалайтын көрермен саны артты. Он жыл бұрынғы көрермен мен бүгінгі көрерменді салыстырсақ, айырмашылық анық сезіледі. Қазір көрермен сапалы дүние көргісі келеді. Дыбысы да, визуалы да мінсіз болғанын, ең бастысы, фильмінің айтар ойы болғанын қалайды. Қазір Threads пен Instagram секілді әлеуметтік желілерде көрген дүниені туралы ойынды ашық айту қалыпты құбылысқа айналды. Сол арқылы қазіргі аудиторияның талабы мен талғамы өзгергенін байқаймыз. Мәселен, көрерменнің бір бөлігі ауыр жұмыс аптасынан кейін жеңіл комедия тамашалағысы келетінін айтса, енді бірі «Комедияның дәурені өтті, біз күрделі, сапалы туындыларды қалаймыз» дейді. Олар Кристофер Ноланның «Одиссея», Tenet секілді фильмдерін немесе кейінгі жылдары түсірілген қазақ тіліндегі кәсіби хоррорларды көргісі келеді. Қазіргі көрермен әлсіз әрі асығыс жасалған дүниені тез ажыратады. Тіпті жасанды интеллект кеңінен қолданылып жатқан кезеңде оның көмегімен жасалған контентті де бірден байқайтын аудитория қалыптасты. Ал сапасыз өнімді тану олар үшін тіпті қиын емес. Сондықтан қазір кинотеатрға «Мен билетке ақша төледім, демек сапалы дүние көруге құқылымын» деген талаппен келетін көрермен қалыптасып келеді. Меніңше, бұл — өте жақсы құбылыс. Өйткені көрерменнің талабы мен сыни көзқарасы кино нарығын да алға сүйрейді. Актер ретінде де, дубляж режиссері ретінде де қазақ киносының қазіргі

Кейінгі жылдары әлемдік премьералар қазақ тілінде сөйлей бастады. Отандық киноөндірістегі осындай игі бастаманың бел ортасында жүрген кәсіби мамандардың бірі – Шах-Мұрат Ордабаев. Он жылдан астам уақыттан бері дубляж саласымен айналысып келе жатқан ол 50-ге жуық фильмге режиссерлік етіп, ондаған кейіпкерді өзі дыбыстаған. Жақында режиссермен қазақ дубляжының бүгінгі деңгейі, көрермен талғамы, прайм-тайм мәселесі, дубляждағы локализация ерекшелігі және саланың көпшілік біле бермейтін қыр-сыры туралы сұхбаттастық.

Шах-Мұрат ОРДАБАЕВ,
актер, дубляж режиссері:

ҚАЗАҚША СЕАНСТЫ КӨРЕРМЕН

тынысына қарап іштей марқаямын. Мәселен, кейінгі шыққан «Қайтадан», «Ғашықпын саған», «Дәстүр-2» сынды туындылар — қазақ киносы үшін көңіл қуантарлық өзгеріс.

— Бір сұхбатыңызда «Біздің басты трагедиямыз — өз тілімізге, Қазақстанда жасалған деген өнімге әлі де сенбейтініміз» деп айтып қалдыңыз. Бұл қайдан қалыптасқан сенімсіздік?

— Бұл — мен бұрыннан айтып жүрген мәселе. Егер нақты дубляж бен медиа саласы төңірегінде айтсақ, оның түп-төркіні адамның ана тілімен тікелей байланысты. Егер баланың ана тілі қазақ тілі болса, отбасында әке-шешесі, ата-әжесі, бауырлары қазақша сөйлесе, онда қазақ тіліндегі контент оған жат көрінбейді. Ол сыртта, мектепте немесе университетте өзге тілде сөйлесе де, үйдегі негізгі тіл қазақша болса, екі тілді қатар меңгерген адам ретінде қазақша фильмді де, ақпаратты да, кітапты да оңай қабылдайды. Өйткені бұл — оның санасына ең алғаш сіңген, түйсігінде орныққан тіл. Ал кейін меңгерген тілдер көбіне қарым-қатынас құралына айналады. Адамның



Әрине дубляж көрерменнен арнайы тілдік дайындықты талап етпеуге тиіс. Бірақ әлемнің көптеген елінде сапалы әдеби тілдегі дубляж қалыпты құбылыс саналады. Біз де сол бағытта жұмыс істеп келеміз.

ойлау жүйесінде әуелі ана тіліндегі ұғым қалыптасады. Керісінше, егер баланың тілі орысша шығып, қазақ тілі кейіннен меңгерген екінші тілге айналса, қазақша ақпаратты қабылдау ол үшін салмақ салуы мүмкін. Өйткені ол қазақ тілін табиғи тіл ретінде емес, кейіннен игерген құрал ретінде қолданады. Ал қазақтілді контентті агрессивті түрде қабылдамауға көп жағдайда контенттің түсініксіз немесе сапасыз болуы себеп болады. Кейде қазақ тіліндегі фильмдер көрерменге ауыр, түсініксіз немесе жасанды

естілуі мүмкін. Оның себебі — үйде еститін күнделікті қазақ тілі мен телеарнадан, көркем әдебиеттен немесе күрделі фильмдерде қолданылатын қазақ тілінің бір-бірінен алшақтығы. Біз күнделікті өмірде көркем әдебиеттегідей бай тілмен сөйлей бермейміз. Балаларымызбен бірге отырғанда сол деңгейде ой қозғап, ой өрбіте алмаймыз. Өкінішке қарай, бұл қоғамда білім мен тілдік мәдениетке қатысты жиі кездесетін трагедиялардың бірі. Егер бала көркем әдебиетке қанып өссе, оған қазақ тіліндегі

дубляжды қабылдау қиынға соқпас еді. Әрине дубляж көрерменнен арнайы тілдік дайындықты талап етпеуге тиіс. Бірақ әлемнің көптеген елінде сапалы әдеби тілдегі дубляж қалыпты құбылыс саналады. Біз де сол бағытта жұмыс істеп келеміз. Қазақ тіліндегі контентке жатсына қараудың астарында адамның тілдік ортасында өзге тілдің үстемдік етуі жатыр деп білемін.

— Қазақ тілінде дубляжалған фильмдерді прайм-таймда көрсетпейді. Бұған Kinopark кино желісі басшыларының тікелей қатысы бар ма, әлде шынында да көрермен ана тіліміздегі нұсқасына бармай ма?

— Шын мәнінде, біз бұл мәселені көбіне фильм прокатқа шыққаннан кейін төртінші-бесінші күні байқап, «Неге қазақша сеанс прайм-таймда жоқ?» деп таңғаламыз. Бірақ қазақ тіліндегі дубляждың кинотеатр прокаттына тұрақты түрде енуі бірден қалыптасқан үрдіс емес. Кинотеатрлар — жеке компаниялар. Сондықтан фильмді қай уақытта көрсету,

ЖАНСАРАЙ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

сеанс санын көбейту немесе азайту — олардың өз құзырындағы мәселе. Менінше, олар прокаттың алғашқы бірінші, екінші күнінде көрермен сұранысын байқап көреді. Егер сол күндері қазақша сеанстарға билет аз сатылса, кейін олардың саны да, прайм-таймдағы үлесі де қысқарады. Өйткені кинотеатр үшін бұл, ең алдымен, коммерциялық мәселе екенін ескеруіміз керек. Өз тәжірибемде танымал фильмдердің орыс тіліндегі сеансында залдық толып, касса алдында ұзын-сонар кезек болғанын, ал қазақша нұсқасына келген көрермен саны әлдеқайда аз екенін талай көрдім. Бұл — біз мойындауға тиіс шындық. Сондықтан мұны қазақ тіліне әдейі жасалған қастандық деп қабылдау дұрыс емес. Кинотеатр да өзінің табысын есептейді. Егер қазақша сеанстың алғашқы күндерінде әр залда ине шаншар орын болмаса, сеанс санын көбейту кинотеатрдың өзіне де тиімді болар еді. Демек, көрермен қызығушылық танытса, билет сатылады, ал билет сатылса, сеанс та сақталады.

тіліндегі нұсқасын біздің шығармашылық топ дыбыстады. Бұл техникалық жағынан да, шығармашылық тұрғыдан да қолжетімді. Десек те барлық автор бірден қазақ тіліне көшіп кете алмайды. Оған себеп бірнеше фактор бар. Егер тіл тұрғысынан қиындық туындаса, шығармашылық тобымыз кез келген тілге кәсіби түрде дыбыстап беруге әзір.

— Кейде түпнұсқадан қазақ тіліне аударылған сарказм, сленг сияқты дүниелер мағыналық тұрғыда толық ашылмауы мүмкін. Мұндай кезде түпнұсқаны сақтауға тырысасыздар ма, әлде қазақ көрерменіне түсінікті балама іздейсіздер ме?

— Мұның бәрі фильмнің көркемдік идеясына байланысты. Кейбір қалжың немесе сөз орамы бізге жақын болуы мүмкін, ал енді бірі менталитетімізге, ойлау жүйемізге мүлде үйлеспей жатады. Егер туындының мәдени контексті бізге мүлде жат болса, көрерменге түсінікті әрі табиғи естілуі үшін кейбір тұсын бейімдеуге болады. Ең бастысы, кейіпкердің болмысы мен авторлық идея өзгермеуге

«Ракмет, бірақ мен орысша түсінбеймін» деген репликасын қостық. Бұл түпнұсқада болмаған, сол сәтте пайда болған шешім еді. Кейін бір ғана сөйлемнің көрермен арасында үлкен резонанс тудырғанын көрдік. Сол сияқты «Коконның құпиясында» «Астапыралла» деген репликаны енгізгеніміз есімде. Ол алғашқы анимациялық күрделі жобаларымыздың бірі еді. Бәлкім, кей тұста локализацияға еркінрек қарап, бояуын қалыңдатып жіберген шығармыз. Бірақ бір нәрсені ескергеніміз жөн. Қазақша дубляж ең алдымен қазақтілді көрермен үшін жасалады. Сондықтан сөз кейіпкердің эмоциясына дәл келіп, қазақ аудиториясына табиғи естіліп, фильмнің негізгі мазмұнына нұқсан келтірмесе, оны орынды қолдануға болады. «Астапыралла» да сол сахнада жат естілген жоқ, керісінше қазақ көрермені мұны түсінікті әрі табиғи ұғым ретінде қабылдады.

— Қазір дубляжда танымал әншілер мен блогерлер жиі көрініп жүр. Бұл көрерменді тартудың бір тәсілі ме?

дауысын үлкен экраннан естігенде, оның сол жобаға деген қызығушылығы да оянады. Мысалы, ертең Димаш Құдайбергенге дәл келетін, оның дауысы мен мүмкіндігін толық аша алатын кейіпкері бар фильм ұсынылса, оны қуана-қуана шақырар едік. Димаштың уақыты сәйкес келсе, әрине. Өйткені қазақ тіліндегі мұндай жобалар әншінің шетелдегі жанкүйерлерінің де назарын аударуы ықтимал.

— Қазір дубляж саласында өзін сынап көргісі келетін жастар көбейді. Дубляжға жол ашу үшін алғашқы қадамды неден бастаған жөн? Бұл салаға тек дайын таланты бар адамдар келе ме әлде осы ортаға келгеннен кейін өзінің жаңа қырын ашқан мысалдар да бар ма?

— Ең әуелі айтарым, бұл салаға ешкім дайын талант болып келмейді. Қанша жерден табиғи дарыныңыз, жақсы дауысыңыз немесе актерлік қабілетіңіз болса да, оның бәрі біліммен толығып, тәжірибемен шыңдалуға

КӨБЕЙТЕТІН — СҰРАНЫСЫ

— Бүгінде әйгілі Disney студиясы өз өнімдерін қазақ тілінде жарыққа шығара бастады. Қуантатыны да сол — ана тіліміздегі өнімдерді әлемдік студияның қаржыландыруы. Мұндай бірлескен жобалар нарықта өзін-өзі ақтап отыр ма?

— Білуімше, жобалар өзін белгілі бір деңгейде ақтап келеді. Кейде бір табысты жоба осыған дейінгі көрсеткіші төмен болған бірнеше жобаның шығынын өтеуі мүмкін. Бұл — кино индустриясында кездесетін қалыпты құбылыс. Бірақ өз басым Disney-дің қазақша дубляж жобасын қолға алудағы түпкі көздегені — тек табысқа кенелу деп ойламаймын. Бұл тұста ең маңызды көрсеткіштердің бірі — қоғамның ықыласы артуы. Қазақ тілінде дыбысталған шетелдік фильм туралы қаншалықты жиі айтылады, оған деген қызығушылық өсіп келе ме және көрермен әлемдік контентті қазақ тілінде көруге қаншалықты дайын? Бастапқыда осы көрсеткіштер негізге алынады. Егер мақсат тек табыс табу болса, бәлкім, алғашқы фильмнен кейін-ақ бұл бастама тоқтап қалар ма еді?! Бірақ олай болған жоқ. Жобаның жылдар бойы жалғасуының өзі оның алдында тек коммерциялық емес, әлдеқайда ауқымды мақсаттар тұрғанын көрсетеді.

— Егер жаһандық бренд қазақ тілін нарық ретінде көре бастаса, отандық киноөндірушілер неліктен қазақ тіліндегі дубляжға дәл сондай сеніммен қарамасқа?..

— Бұл сұрақты киноөндірушілердің өзіне қойған дұрыс болар. Дегенмен бұл пікіріңізбен мен де келісемін. Өйткені қазіргі уақытта дубляж деген қолжетімді құрал бар. Мәселен, фильмнің түпнұсқасы қазақ тілінде түсірілсе, оны кейін орыс тіліне немесе шет тілдеріне кәсіби түрде дыбыстауға мүмкіндік бар. Бұған дубляж саласындағы шығармашылық тобымыздың әлеуеті жеткілікті. Іс жүзінде мұндай мысалдар да көп. Айталық, «Дәстүр» фильмінің бірінші бөлімі қазақ тілінде түсірілсе, ал орыс

тіліс. Ал кейбір өзге мәдениет өкілдері бізге географиялық тұрғыдан алыс болғанымен, рухани жағынан жақын келеді. Мысалы, «Қара қабылан: Ваканда жасасын» фильмінде Африка мәдениеті көрсетілгенімен, ондағы патшаға деген құрмет, үлкенге ізет, батырға құрмет көрсету, бір-бірімен сыпайы түрде сөйлесу секілді құндылықтар қазаққа танымға бөтен емес. Кішінің үлкенге ізет білдіруі, мәртебесіне қарай сөз саптауы — біздің мәдениетімізде де бар құндылық. «Коконның құпиясы» сияқты



Академиялық мектеп кейде ескірген дүние секілді көрінуі мүмкін, десе де актерлік өнерде оның беретін іргетасы өте мықты. Жақсы ұстаздың шеберханасында шыңдалу — кейін өз жолыңды сенімді бастауға көмектеседі.

фильмдерде де бізге жақын осындай мәдени ренктер кездеседі. Ал таза еуропалық немесе қазіргі америкалық фильмдерде жағдай өзгеше. Кейбір әзіл, сленг немесе қарым-қатынас үлгісі бізге мүлде жат көрінуі мүмкін. Мұндай кезде оны қазақ көрерменіне табиғи естілетіндей етіп бейімдеуге тура келеді.

— Кейбір сөздерді қазақша дубляжға енгізгенде, қоғамның реакциясын алдын ала ескересіз бе? Мысалы, «Астапыралла» сияқты сөздердің фильмдегі қолданысына қандай өлшеммен қарайсыздар?

— Әрине міндетті түрде ескереміз. Шығармашылық топпен бірге әр ұғымның кейіпкерге, оқиғаға, фильмнің табиғатына қаншалықты үйлесетінін талқылаймыз. Жұмыс барысында кейде аяқ астынан туған шешімдер де болады. Мысалы, «Өрмекші адамда» орысша сөйлеген кейіпкерге Өрмекші адамның



тіліс. Елімізде «дубляж актері» деген бөлек мамандық жоқ. Оның түп негізі — актерлік өнер. Ал сол өнерді кейін қай арнаға бұратыныңыз өзіңізге байланысты. Бақытымызға қарай, Қазақстанда актер мамандығын кәсіби деңгейде үйрететін оқу орындары бар. Сондықтан бұл жолға шынымен келгісі келген адам ең алдымен мықты негіз қалыптастыруы керек. Қазір менен «дубляжға қалай кіруге болады?», «кастингке қалай қатысамын?», «қай жерден үйренемін?» деп жиі сұрайды. Иә, бұл саланы оқытатын арнайы курстар да көбейді. Олардың арасында шынымен пайдалысы бар шығар. Бірақ бірнеше айлық курс немесе онлайн сабақ кәсіби оқу орнында қалыптасатын мектептің орнын баса алмайды. Сондықтан ең дұрыс жолы — кәсіби маманның алдынан өту. Академиялық мектеп кейде ескірген дүние секілді көрінуі мүмкін, десе де актерлік өнерде оның беретін іргетасы өте мықты. Жақсы ұстаздың шеберханасында шыңдалу — кейін өз жолыңды сенімді бастауға көмектеседі.

— Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық өрлеу тілейміз!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».
Сейіт Ненжеахметұлы

№163

29.08.2026 ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

— Қандай ғажап елде өмір сүріп жатырмыз. Зайырлы қоғам, қайырымды жұрт. Демократия да бізде, — деп Таңсықбай бөркін аспанға ата беріп еді, Көпірбай оны бүйірден түртіп қалды.

Таңсықбай оған сүзетін сиырдай алакөздене қарады.

— Бюрократия да бізде демейсің бе? Қайдағыны көкіп, сен де бір «көрмес, түйені де көрмес» көзі ашық, көңілі соқыр меніреу екенсің! — деді Көпірбай көбіқауызданып.

— Жо-жоқ, қателесесің! Дамыған отыз елдің қатарына әлдеқашан жетіп алдық. Енді зымырандай зуылдап біразын басып озуға айналдық. Жерұйық іздеп әуре болмайсың, — деп Таңсықбай тағы да өзеурей бастап еді, Көпірбай оның кеңірдегінен ала түсті.

— Осы біз несіне алаөкпе болып айтысып жатырмыз? Ел тыныш, қарын ток, уайым жоқ, — деді Таңсықбай тағы да айтқанынан қайтпай.

— Онда асықпа! Күте тұр, — деп Көпірбай үйіне қайтты. Арада біраз күн өткенде Таңсықбай көршісіне келді.

— Ау, Көпірбай көке! Бір шаруа бар, — деді ағасына еркелеп.

— Шаруаң болса, айт!

— Біраздан бері оң бүйрегім шаншып, маза бермей жүр. Ауруханаға барып көрінсем деймін.

— Соны да менен сұрайсың ба? Бар, көріне бер, — деді Көпірбай.

— Сіздің осындайда жөн білетінізді бар еді ғой. Бірге барайық, — деп қиылды Таңсықбай.

Көпірбай көршісінің көңілін қимады. Екеулеп бірін-бірі жетелеп жолға шықты. Таңсықбайдың оң бүйрегінде тас бар болып шықты. Барлық анализін алып болған соң, оған ота жасау керектігін ескертті. Бірақ портал дей ме, тарт та ал дей ме, кезекке тұру керек екен. Онысы қашан келетінін ешкім біліп болмайды. Күндердің бір күні кезегі де келді-ау, әйтеуір. Бірақ оташы жігіт алакөздене қарады.

— Беретініңді бермесең, ота жасамайды. Жасаған күнде жүрдім-бардым жасап, кемтар етіп қояды. Алақанына бірдеңе қыстырып жібер, — деп палаталас көршісі ақыл қосты. Таңсықбай балаларынан теңге алдырып, хирург жігіттің халатына сүнгітіп жібергені сол, науқасты ота жасайтын бөлмеге ала жөнелді. Шүкір, Таңсықбай отадан соң оналып қалды. Бірақ осында жатып, біраз күн ем-дом алуы керек екен. Алғашқы күндері системаларын жап-жақсы салып жүр еді, соңы сұйылып кетті.

— Көке! Қараушы дәрігердің қалтасына бірдеңе сүнгітпесеңіз, керексіз системалармен дінкенізді құртады. Одан да әрекетке көшіңіз. Ағзаңызды тез сауықтыратын дәрумендерді салса, ширап қаласыз, — деп тағы бір көршісі құлағына сыбырлады.

— Сүнгітті. Сол күні-ақ жалына жүн бітті. Баяғыдан бері құр сылдыр суды

салдыра бермей, осындай әрекет етпегеніне күйінді. Балалары келіп, әкелерінің оналып қалғанына сүйінді.

— Таңсықбай ауруханадан тыңайып шықты. Диланып шыққаны бар болсын, үйде оны таудай тірлік тосып тұр екен. Диплом алып келген баласы жұмыс таппай зыр қағып жүр. Талай

алады. Жайлы қоныс, жақсы жұмыс береді. Мен шетелге кетемін! — деп Алпамыс алқынды.

— Біз сені шетелге кетсін деп оқыттық па? О, несі-ей? Осында да жұмыс дегенің жеткілікті емес пе?

— Жеткілікті болса мен неге текке сандалып жүрмін? Таңсықбайдың

БЕРЕТІНІҢДІ бермесең...



емен есіктерді тоздырыпты. Біреуі есігінен сығалатпаған. Не істеу керек? Ол Көпірбайдан кеңес алуға барды.

— Ым-м, балам диплом алды де. Құтты-ақ болсын! Енді не тұрыс? — деді Көпірбай.

— Қолында табактай қызыл дипломы бар. Бір адам келе ғой деп ықылас танытпапты. Бұл не сұмдық? — деп Таңсықбай тепсінді.

— Беретініңді бермесең, балаң жұмысқа тұра алмайды. Осыған да оқу керек пе? — деп Көпірбай көкке қарады. Таңсықбай ауладағы шөпке қарады. Қаланың шет аудандарының бірінде тұратын олар қораларында мал ұстаушы еді. Ол өз ауласындағы бордақыда тұрған екі жылқыны ойлады. Осы екі семіз жылқының ақшасы жемқор бастықтың жұмырына жұқ болмайды-ау деп киналды. Расында, астыртын сұрау салудың барысында білгеніндей, жұмысқа тұру дегенің қиямет көрінеді.

— Көке! Мен мына дипломмен шетелге барсам, құшақ жая қарсы

баласынан ұтылған жері осы болды. Ләм-мим деп тіл ката алмады. Алпамыс алты күннен кейін арқаланып, шетелге кетті. Арада апта өтпей қуанышты хабар келді. Үлкен бір мекемеге үлкен бір қызметке тұрыпты. «Жақсылап орналасып алайын. Сосын шешем екеуіңіз маған қыдырып келесіздер. Мынауский қала. Армансыз аралайсыздар», — дейді телефонның оймақтай көзінен шаттана күліп қарап.

«Е, баланың арқасында шетелді де көретін болдық» деп Таңсықбай миығынан күліп қойды. Таңсықбайдың үлкен баласының шетел асып, тамаша жұмысқа тұрғаны туралы хабар бүкіл қалаға тарады. Таңсықбай көшеде талтандап жүре алмай қалды. Көшеде келе жатқанның барлығы қос қолын ала жүгіріп, құттықтап жатқаны. Мұндайда ол кәдімгідей қалбалақтап қалады. Бірде оны анау-мынау емес, қала әкімінің өзі келіп құттықтады. Өткенде баласы қызмет сұрап барғанда, қуып шыққан қағынғанның өзі. «Құтты болсын!» дейді ұялмай. «Біздің қаланың

баласы шетелді мойындатып жатса, бұл біз үшін де үлкен мерей» деп қоятынын қайтерсің! Е, мейлі дә, келгенінің, сәлем бергенінің өзі неге тұрады? Қай кісіге әкімнің өзі келіп құттықтап жатыр? Осындай шат-шадыман күндерінің бірінде Таңсықбайдың асып-тасыған көңілі су сепкендей басылды. Оның екінші баласы Қобыланды қағынып арақ ішіп қызған дей ме, соның екпінімен біреудің тұмсығын бұзған дей ме, уақытша тергеу абақтысына түсіпті. Басқалардың айтуынша, сол төбелесте Қобыландының да басы ісіпті. Таңсықбай тоқтамай қалалық ішкі істер басқармасының бастығына келді. Полковник оған пандана қарады.

— Баланы осындай етіп те тәрбиелейді ме екен? Балаңыз — хулиган. Есірткіге де әуестігі бар сияқты. Біз мұны әлі тексереміз, — деп алдында отырған қартты қатты шошытты. Таңсықбай бастықтың алдынан жер болып шықты. Сол шыққан бойы көршісі Көпірбайға келді.

— Келетініңді біліп едім, — деді Көпірбай көріпкелдігі ұстап.

— Білсең, ана баланы қалай құткарып қаламыз? Айтшы.

— Оның не айтары бар? Беретініңді бермесең, балаң түрмеде шіриді, — деді көршісі.

— Таңсықбай талып қала жаздады. Тентіреп кетті. Ағайын-туыстан, жек-жаттардан жылу жинады. Шетелдегі бала да тапқанын жіберді. Полковник бұл жолы жылы қарсы алды. Хатшысына шай алдыртып, үлкенге ізет көрсетудің үлгісін танытты. Екеуі бұрыннан таныс-білістей емен-жарқын шай ішіп отырды. Артында Қобыландысы қоразданып абақтыдан шықты. Үйге келген соң Қобыланды әкесіне қатты ашуланды.

— Көке! Соншама ақшаны бере салғаныңыз не? Мені онсыз да шығарғалы отырған еді ғой.

— Қалай?

— Солай! Кешегі төбелесте ана оңбағанның тұмсығын бұзған мен емес, қала әкімінің баласы болатын. Ол мұны өзі де мойындап отырды. Қала басшысының ықпалымен екеумізді де шығарғалы отырғанда босқа шығынданыпсыз.

— Қап!

Таңсықбайдың іші удай ашыды. Осы кезде қайдан келгені белгісіз, көршісі Көпірбай келе қалмасы бар ма? Ол Қобыландының құрықтан босап шыққанына құтты болсын айтты.

— Өткенде зайырлы қоғамда өмір сүріп жатырмыз деп бөркіңізді аспанға лақтырып едіңіз. Демократияның дәмін татып жатқан шығарсыз, — деді тіліне тікен шыққыр Көпірбай.

Таңсықбай «Беретінімді беріп, мұның да аузын жаппасам, болған жайтты жұртқа жайып масқарамды шығарар» деп ойлап тұрды.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

— Шырағым! Той ұйымдас-тыру орталығы осы ма?
— Осы! Осы! Келіңіз! Төрле-тіңіз!

— Балам үйленіп, той жасаға-лы жатыр едік. Тойдың қызықты өтуі асабаға тікелей қатысты ғой, шырағым. Маған тойды жанды-рып жіберетін асаба керек.

— Ондай асаба бізде бар. Тіпті пішен. Тойыңызды түрлендіріп тамаша етіп өткізіп береріне бәс тіге аламын. Алдын ала акысын төлесеніз, боқысын шығарамыз.

— Боқысы несі тағы?
— Сөздің реті ғой, ақсақал.

Тойды мынауский етіп өткізіп береміз деген сөз ғой. — Ө! Осы сендер қайдағы жоқ сөзді қайдан тауып ала қоясындар? Жә, со-нымен маған қай асабаны ұсын-ғалы отырсың?

— Мына Тойболды деген аза-мат мықты тамада. Бұл қалада бұдан асқан тамада жоқ. Кассаға ақшасын төлеп, тойдың қай күні, қай тоиханада өтетінін жа-зып кетіңіз.

— Тойболды тойға келгендер-ді екі езуі жыртылғанша күлдіре алады ма?

— Күлдіреді.

— Бұл тойдың керемет қы-зықты өткенін білдіреді ме?

— Білдіреді.

— Бұл бала билік қолына тиген соң, ойына келгенін оттап, бүлдірмей ме?

— Бүлдіреді. То-есть, бүлдір-мейді. Есесіне жұртты ішегі қат-қанша күлдіреді.

— Ендеше, осы балаға тоқ-тадым.

— Қам жеменіз, ақсақал! Бәрі де шики-шики болады.

— Шықы-шықы деген не?

— Шықы-шықы емес, шики-шики деймін. Ол кереметтен де керемет деген сөз. Той басталды. Ортаға жұлқынып асаба шықты. Сөзге шөліркеп қалған ба, Той-

сулары керек екен. Асаба айтса — заң! Екі құда екі бұрышқа барып біріне-бірі қарама-қарсы жүгіремін деп біреуі шалынып, омакаса құлады. Оны тұрғыза-мын деп жұрт үймелеп қалды.

Осыдан соң тамада «Тентек кәде» деген ойын ұйымдастырды. Бұл ойынның шарты бойынша жаңа құдалар бірін-бірі сөзбен

лып қалды. Ол жалп етіп құлап, талып қалды. Тойшыл топ ере-жесіз төбелес көріп отырғандай орындарынан тұрып, жер теп-кілеп, ысқырып, залды азан-казан етті.



Бұл кезде жаңа құданы «Же-дел жәрдем» зембілге салып алып кетіп бара жатыр еді.

— Бүйткен кәделерің құрып кетсін! — деп Сәндігүл ернін сылп еткізді.

— Осы күнгі асабалардан-ақ тойып біттім. Қазақтың салтында жоқ қайдағы-жайдағы әлдене-лерді тауып алады. Әй, бұрынғы ата салтымызбен өткізсек болмас па еді тойды? — деп Ынтымақ күйінді.

— Осы асаба, тамада деген-дерден-ақ көресіні көріп біттік. Аанадағы бір тойда жас келін атасына қасықпен төрт жегізімін деп жасанды тістерін түгел сыпырып түсіріп еді. Мынау одан да өткен тамаша болды, — деп Нұртай қарқ-қарқ күлді.

— Тойға да қорқып баратын заман туды ғой, — деп Жағыпар шақшасын алып тізесіне соқ-қылады.

Мұнан соң той-той болмады, бала-шаға жеп кетті. «Тағы бір кәденің кәкіріне ұшырап, бізде таяк жеп қалмайық» деп ойлаған көпшілік біртіндеп тарай бастады.

Той иесі Мактабек «мына-лар той кәдесін бермей кетіп бара жатыр ғой» деп ойлағанда, сылқ етіп құлады. Бетіне су бүркіп еді тұрмады. Екі бетін шымшылап еді, тұрмады. Мұ-нан соң амал жоқ, «Жедел жәр-дем» шақырылды.

Мактабек аурухана палата-сында «асаба, асаба!» деп оянды. Дәрігер оған «Тентек кәде» деген диагноз қойды.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

Шілде. Күн тас төбеде ша-қырайып тұр. Жер-көктің барлығы өртеніп жатқандай. Адамдар демалғанда ауа емес, жалын жұтқандай болады. Дені тұзу адамдардың барлығы мұн-дайда салқын бөлмелерде, жа-ғажайда жатады. Түк таппаған-дары қалың ағаш көлеңкесінде саялайды.

Осындай ми кайнатарлық ыстықта ұлан жолдың бойында ала таяғын шошандатып жол-көлік полициясының қызметкері тұр. Түріне қарасаң, жылағың келеді. Одан «мына аптап ыс-тықта неге тұрсың?» деп сұрағың келеді. Өйткені он бойын тер басып кеткен. Қолыңдағы бет-орамалы малмандай су болыпты. Әлгі жол сақшысы беторамалын сығып қалғанда, бір шелек тер жерге төгіледі.

Әне, ол жүк көлігін тоқтатты. Ауыр жүк көлігінің жүргізушісі Мәдениет институтын тауысқан ба, аса бір мейірмандылықпен мәдениетті жылы жымыып қо-лын алғанда, жол сақшысының көзі жыпылықтап кетті. Оның бармақтарының арасында бір уыс теңге қалып кеткен еді. Жол сақшысы жүргізушіге бір ауыз тіл қатқан жоқ. Қолын шоктай қа-рып бара жатқан теңгені көлігіне тықкыштап, өзімен-өзі болып кетті.

Міне, ол тағы бір көлікке «тоқта!» деп белгі берді. Құйғы-тып келе жатқан көлік жол сақ-шысын қағып кете жаздап ба-рып, зорға тоқтады.

— Әй, сен өзі, былай, ішіп алғаннан саумысың? Қане, құ-жаттарыңды көрсет! — деп акыр-

ды ол кабинадан созбалаңдап түскенге.

— Сен мені танымадың ба? Мен әкімдікте істейтін жауапты маман боламын. Ал сен мені негізсіз тоқтатасың. Бұ қалай? — деді тәлтіректеп тұрған жүр-гізуші.

Ойбай, ЖІБЕРЕ САЛ!

— Көке! Әкімдікте істемек түгілі, одан да жоғары жерде іс-тесеніз де сізді жазалауға тура келеді. Өйткені рульге ішіп алып отыруға болмайды.

— Ненің болатынын, ненің болмайтынын мен саған көрсет-тейін.

Мас жүргізуші жол сақшысын ұрып жіберердей түйіліп келіп, жалт бұрылды. Жол сақшысы телефонымен әлдекімге хабар-ласып жатты.

— Жолдас бастық. Бір масты тоқтаттым. Өзі әкімдікте жұмыс істеймін дейді. Не істеу керек?

— Қарай гөр өзін? Дерев кө-лігін айып тұрағына жеткіз. Өзін бөлімге әкеліп тапсыр.

— Құп! Орындаймыз, бәсеке!

Жол сақшысы ішімдік ішіп көлік руліне отырған әкімдіктің әйдік қызметкерін тиісті орынға тапсырып, белгіленген жерге қайтып оралды. Міне, тағы бір тентекпен жағаласып тұр.

— Әй, мені білмейсің бе? Осыдан қара да тұр, көзіңе көк шыбын үймелетпесем, Біржан атым құрып кетсін! Мен қалалық прокуратурада жұмыс істейтін Біржан деген дөй қызметкермін. Сендейлердің талайын көрген-

— Прокуратурада істемек түгілі, одан жоғарысында болса да, аяма. Жазасын бер! Тәртіп керек, тәртіп!

— Құп, болады, жазалаймыз.

Тағы бір сағат өткенде жол сақшысы және бір күдікті көлікті тоқтатты.

— Жын қуғандай неге безек-теп келесіз?

— Асығыс шаруам бар еді.

— Бүгінде кімнің асығыс ша-руасы жоқ дейсің? Жол жүру



мін, — деп дүрсе қоя берді көлік иесі.

Жол сақшысы тағы да бас-тығына жүгінді.

— Жолдас бастық! Мұнда біреу прокуратураданмын деп өкірендеп тұр. Не істейін?

ережесін бұздыңыз. Айыппұл төлейсіз.

— Мен Тәшім Тайлақ деген қа-лалық соттың судьясы боламын. Сенбесен, бастығыңнан сұра.

— Жолдас бастық! Мұнда Тәшім Тайлақ деген судья тұр.

Сізді жақсы танымын дейді. Өзі рұқсат етілмеген жерде көлік жылдамдығын шамадан тыс асырды. Өзі ұрттап алаған ба, аузынан арам қатқан иттің иісі шығады.

— Аяма! Жазала! Он бес тәу-лікке қамат.

— Құп болады, жолдас бас-тық!

Жол сақшысы тағы бір тенті-реп жүргенді тосып алды. Қо-лында микрофоны бар бұл неме-де удай мас еді. Көлігінен түс-кеннен жол сақшысын балағат-тап, айтпаған сөзі қалмады.

— Ішіп алып көлік тізгінде-генсіз. Оның үстіне мемлекеттік қызметкерді балағаттап тұрсыз. Сізге шара көреміз, — деді жол сақшысы.

— Өлө! Маған шара көретін сен кім едің өзі? Білсен, Баха деген блогер мен боламын. Өзіңді бастығыңмен қосып қызмет-теріңнен қууға шамам келеді. Тұр былай жолымнан. Тұмар сияқты аяққа оратылған осылар-дан-ақ көресіні көріп біттік қой.

Блогер тас-талқан болып ашуланды. Жол сақшысы тағы да бастығына қонырау шалды.

— Жолдас бастық! Мұнда бі-реу Баха деген блогер мен бола-мын деп бізді қырып-жойып барады. Не істеуім керек?

— Ойбай! Блогер болса, жо-лама, жібере сал, Ертен қыр со-нымызға түсіп алып, бәле болар.

Блогер Баха жалғанды жалпа-ғынан басып кетіп бара жатты. Жол сақшысы күннің астында быжып қала берді.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

29 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Биылғы жаз талай адамды әбігерге салды. Аптап ұзаққа созылып, ыстық күндер жиілей түсті. Цифрлық технология қарқынды дамыған заманда мұндай мәселеге де жаңа шешім ізделуі заңды еді. Жапон инженерлері соның бір жолын ұсынды. Ол – тоңазытқыш. Алайда оның ішінде сусын немесе азық-түлік сақтайтын ешқандай сөре жоқ. Оның орнына адам кіріп, отырып салқындайтын арнайы орын ғана бар.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Климат мамандары мен Экологтар жердің жылынуын тежеудің жолдарын іздеп жатқанда, технология саласының өкілдері аптап ыстықта жүрген адамның денесін қалай тез әрі тиімді салқындатуға болатынын қарастырды. Осындай ізденістің нәтижесінде айдың басында Жапониядағы сауда автоматтары мен тоңазытқыш жабдықтарын шығаратын SDRS компаниясы Do Niemon Box деп аталатын ерекше құрылғыны таныстырды. Құрылғының сыртқы пішіні кофе сататын автоматқа немесе тұрмыстық тоңазытқышқа ұқсайды. Артықшылығы – дөңгелектері бар, сондықтан қажет жерге оңай жылжытуға болады. Оның ішінде шамамен 15 градус температура сақталады. Адам кабинаға кіргеннен кейін салқындату жүйесі іске қосылып, ауа ағынының температурасы 5 градуска дейін төмендейді.

Салқын ауа бүкіл денеге бірдей таралмайды. Ең алдымен дененің қатты қызатын бөліктеріне – мойын, желке, иық және арқа тұсына бағытталады. Құрылғыны сынап көргендер бес минуттың ішінде-ақ нәтиже беріп, жеңілдік сезінетінін айтқан. Өндірушілердің айтуынша, шамамен он минуттан кейін дененің шамадан тыс қызуынан туындаған әлсіздік пен қалжырау да бәсеңдейді. Адам кабина ішінде ұзақ отырып, шамадан тыс тонып қалмауы үшін құрылғы 20 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Осыдан соң адам сыртқа шығып, жұмысын немесе күнделікті тіршілігін жалғастыра алады.

Қазіргі кезде Do Niemon Box, яғни адамға арналған тоңазытқыштар жеке адамға емес, негізінен заңды тұлғаларға ұсынылып отыр. Оны құрылыс компаниялары, өндіріс орындары, зауыттар, қойма кешендері және ашық аспан астында іс-шара ұйымдас-



Адамға АРНАЛҒАН ТОҢАЗЫТҚЫШ


тыратын мекемелер сатып ала алады. Яғни құрылғы ең алдымен кондиционер орнатуға мүмкіндік жоқ немесе ыстық жерде ұзақ уақыт жұмыс істеуге мәжбүр болатын адамдарға тиімді. Компания өкілдерінің айтуынша, мұндай құрылғыны жасау идеясына Жапонияда өте кең таралған сауда автоматтары түрткі болыпты. Елдегі көптеген автоматта сусындарды салқын температурада сақтау үшін арнайы тоңазыту жүйесі қолданылады. Инженерлер осы қағиданы адамға арналған шағын салқындату кеңістігіне бейімдеген.

Әрине, мұнда белгілі бір қайшылық та бар. Біз аптап ыстықтан қорғану үшін салқындатқыш құрылғыларды көбірек пайдаланған сайын электр энергиясына сұраныс артады. Ал энергия өндірісінің көбеюі өз кезегінде атмосфераның әрі қарай жылынуына ықпал етуі мүмкін. Соған қарамастан, Do Niemon Box-тың тиімді тұсы бар. Оның ішкі көлемі ықшам және ол қысқа уақытқа ғана іске қосылады. Соның арқасында ол кәдімгі бөлмеге арналған кондиционермен салыстырғанда электр қуатын шамамен екі есе аз тұтынады. Дегенмен оның адам денсаулығына ұзақмерзімді әсері әзірге толық зерттелген жоқ.

киімдердің кейбірінде шағын желдеткіштер орнатылады. Олар сырттағы ауаны киімнің ішіне тартып, дене маңында тұрақты ауа қозғалысын қалыптастырады. Сөйтіп, тердің булануы жылдамдап, адам ыстықты жеңілірек көтереді. Солайша «жеке микроклиматын» қалыптастырады. Яғни бұл – шағын жеке кондиционердің бір түрі. Мұның басты артықшылығы адамға жұмысын тоқтатып, арнайы салқындату кабинасына кіріп отырудың қажеті жоқ. Жұмысшы қозғалысын жалғастыра отырып-ақ денесін салқындата алады.

Токиода тамыз айының ортасына дейінгі бір айдың ішінде аптап ыстықтан шамамен 120 адам көз жұмып, жаз бойы 63 мыңға жуық адам шұғыл медициналық көмекке жүгінген. Өткен жылдан бастап Жапонияда аптап ыстықта еңбек ететін қызметкерлерді қорғауға қатысты компанияларға қойылатын талаптар күшейтілген. Мәселен, құрылыс алаңдарында жұмысшыларға желдеткіші бар арнайы киім беру, кондиционер орнатыл-

Жапонияда бұл бағыт Do Niemon Box кабинасымен ғана шектелмейді. Жабдық өндіруші LIXIL компаниясы серіктестерімен бірлесіп Human Refrigerator, яғни «Адамға арналған тоңазытқыш» деп аталатын инновациялық салқындатқыш костюм де жасап шығарды. Ол ең алдымен жазғы аптап кезінде ашық ауада еңбек етуге мәжбүр адамдарға арналған. Олардың қатарында құрылысшылар, курьерлер, жол қызметкерлері және күн астында ұзақ уақыт жұмыс істейтін өзге де мамандар бар. Климаттың өзгеруі жалғасып, әлемнің көптеген өңі-



Салқын ауа бүкіл денеге бірдей таралмайды. Ең алдымен дененің қатты қызатын бөліктерге – мойын, желке, иық және арқа тұсына бағытталады. Құрылғыны сынап көргендер бес минуттың ішінде-ақ нәтиже беріп, жеңілдік сезінетінін айтқан.

Адам ағзасының қатты қызып кетуі денсаулыққа зиян екені белгілі. Бірақ аптап ортада жүрген адамның күн ішінде бірнеше рет қатты салқындап, кейін қайтадан ыстыққа шығуы ағзаға қалай әсер ететіні жайында да нақты тұжырым айту қиын.

Адамды салқындатудың тағы бір бағыты – арнайы киімдер. Әсіресе ауа температурасы өте жоғары елдерде құрылысшыларға, қойма қызметкерлеріне, жол жөндеушілерге және ашық аспан астында еңбек ететін өзге де мамандарға арналған салқындатқыш киімдер көбейіп келеді. Мұндай

ған демалыс орындарын ұйымдастыру және күн сәулесінен қорғайтын қалқалар қою міндеттелген. Кәдімгі кондиционерлер мен портативті салқындатқыштар белгілі бір деңгейде көмектескенімен, компанияның қойма аумағында жүк көліктері мен ауыр техниканың кіріп-шығуына арналған ашық кеңістіктер көп болғандықтан, бүкіл қойманы бірдей салқындату оңай емес. Міне, осындай әсерлер адам үшін тоңазытқыш жасауға ықпал еткен. Қазір бұл құрылғы Азия, Еуропа және Таяу Шығыстың бірқатар елдеріне шығарылды.

рінде жазғы температура жоғарылай берсе, мұндай жеке салқындату құралдары тек өндіріс пен құрылыс саласында ғана емес, күнделікті тұрмыста да кеңінен қолданылуы мүмкін.

Бүгінде тосын көрінетін дөңгелегі бар «адамға арналған тоңазытқыш», мойынға тағылатын шағын кондиционер немесе салқындатқыш киім бірнеше жылдан кейін ыстық аймақтардағы үйреншікті құралдардың біріне айналуы ғажап емес.

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәні ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(777) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4782
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,